ӘРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 248 (9566) | 1954 жылғы 15 декабрь Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ЖӨНДЕУШІ-МЕХАНИЗАТОРЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛСЫН: **Т. Кәдіров.** —Тракторларды жөндеу бетімен жіберілген. Тораптық әдіс бойынша. **М. Назарин.** —Механизаторлардың жемісті еңбегі (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: **Қ. Тілеужанов.**—Ғылми-атеистік насихат пәрменді жүргізілсін. **Б. Жақыпов.**—Комсомол ұйымына көңіл бөлінбейді (2-бет).

Бүгін Москвада совет жазушыларының екінші съезі ашылды: **Ә. Мусаханов.** —Біздің тілек. **А. Әбілов.** —Кітапханаларда (2-бет).

Қазақстан кәсіподақтары Советінің үшінші Пленумы (2-бет).

Е. Оспанов. — Москвалықтарға іспен жауап беруде. (2-бет).

Н. Базарбаева.— бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жарысы (2-бет).

Озат тәжрибенің мол қазынасы (3-бет).

С. Әлімов.—Спортшы студенттер тың жерлерде (3-бет).

В. Пивень.—Тың жерлер ауданындағы мектептерге көп көңіл бөлінсін (3-бет).

Р. Хамитов.—Мамлют ауданының мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы нашар (4-бет).

С. Бейсенбаев.— Кітапхана коллективінің үлгілі ісі (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Жемшөп ұқыпты сақталып, үнемді жұмсалсын

Еліміздің халық шаруашылығы жаңа, бұрынғыдан да жоғары сатыға көтеріліп, халықтың және жеңіл өнеркәсіптің малшаруашылық өнімдері жөніндегі қажеті барған сайын өлшеусіз өсіп отырғанда мал шаруашылығын, әсресе колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің зор маңызы бар. Сондықтан да облысымыздың колхоздары мен совхоздарындағы мал өсірушілердің мал санын көбейту, мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жолындағы қажырлы күресі әбден заңды.

Қазір мал шаруашылығын өркендетудегі ең қыйын және аса жауапты кезең —қыс келді. Малдың қолда-қорада күтіле бастағанына бір айдан астам уақыт өтті. Ленин ауданындағы Киров атындағы, «Бұлақ» колхоздарының, Полудень ауданындағы «Путь Ильича» колхозының, Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозының мал өсірушілері мал қыстатуды алғашқы күннен бастап ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Мал қыстатудағы ең негізгі мәселе малды дұрыс азықтандыру мәселесі болып табылады. Өйткені малдың қыстан қоңды шығарылуы және мал шаруашылығы өнімдерінің жаздағыдан кемімеуі көбінесе оларды дұрыс азықтандыруға байланысты. Міне, сондықтан да аталған колхоздардың мал өсірушілері дайындалған жемшөпті малға тағайындалған норма бойынша жұмсауға, мал азығының ысырап болуына жол бермеуге ерекше назар аударып отыр.

Жасыратыны жоқ, бірқатар колхоздар қоғамдық мал үшін жай жемшөп, тамыр жемістер, дәнді және сүр азық дайындау жөніндегі жоспарды толық орындамады. Қысқы маусымға керекті табиғи шөп тонна есебімен Мамлют, Конюхов аудандарының колхоздарында 40 процент, Соколов ауданының колхозларында 38 процент, Полудень ауданының колхоздарында 35 процент ғана дайындалды. Бірқатар аудандардың колхоздары малды жылы, жайлы қоралармен толық қамтамасыз ете алмады. Бірақ қайткенде де облыс колхоздарында мал қыстату маусымы табысты өткізілуге тиіс. Бұл үшін әрбір МТС, әрбір колхоз барлық мүмкіншіліктерді мал қыстатуға толығынан жұмылдыруы қажет.

Қоғамдық малды қыстан қоңды жаңа шығынсыз шығаруды қамтамасыз ететін ретары Тазиков жолдастардың жаны ашыйтын көрінбейді.

Октябрь ауданындағы «Интернационал» колхозының басшылары (председателі Баймусин жолдас) шабындық далалардағы жемшөпке күзет қоюды ескермеген. Осының салдарынан даладағы шөптің ұлы көрінгенінің тасып әкету фактілері орын алып отыр. Мал қоралары жанына тасымай далада тұрған шөптің талан-тараж болуына қарамастан, Баймусин жолдас фермалар жанына шөп тасу жұмысын ұйымдастырмай келеді. Дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына тасып алуға Коновалов МТС-нен бөлінген 5 шынжыр табанды тракторды Баймусин жолдастың екі ай бойына жұмыссыз, әбір себепсіз пайдаланбауының өзі қынжыларлық және таңқаларлық жағдай.

Жемшөптің бейберекет, қалай болса солай жұмсалуы, әсресе Совет ауданындағы колхоздарда етек алған. Бұған ең алдымен аудан басшылары—аудандық партия комитетінің секретары Козин, аудандық Совет атқомінің председателі Живулина жолдастар кінәлі. Өйткені олар колхоздардың мал фермаларында өте сирек болады. Мал азығын ұқыпты жұмсау жөнінде колхоз председательдерінің, фермаларының меңгерушілерінің, бастауыш партия ұйымы секретарларының жауаптылығын арттырып отырмайды, олардан жемшөптің талан-тараж болмауын, оның әрбір фермада өте ұқыптылықпен жұмсалуын ұйымдастыруды қатаң талап етпейді. Мал қыстату ісіне МТС тарапынан тиісті көмек берілуін, әсресе МТС директорлары мен бас зоотехниктерінің колхоз фермаларында ірі сабақты жемшөптерді малға алдын-ала әзірлеп, турап, буландырып, әмдеп беруді тікелей басқаруын қадағалап отырмайды.

Тіпті Козин, Живулина жолдастар аудандық партия комитетінің бюро мәжлісінде, аудандық Совет атқомінің мәжлісінде колхоздардағы мал қыстатудың жайы туралы мәселелерді атүсті қарайды. Мәселен декабрьдің бас кезінде аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомінің бірлескен мәжлісінде колхоздарда жемшөптің жұмсалу жайы туралы мәселе қаралды. Бірақ бұл мәселе мәжлісте талқыланыуға алдын-ала әзірленбеді. Сондықтан да Козин, Живулина жолдастар мәжліс үстінде 5—6 колхоздың председателі

Жөндеуші-механизаторлардың еңбегі тыңғылықты ұйымдастырылсын

☆ ☆ ☆ ☆



Маленков атындағы астық совхозында механизация күші барған сайын кеңінен пайдаланылуда. Мұнда жуық арада токарьлық станок алынып, ол токарь И. Савченко жолдасқа бекітіліп берілді. Механизация күшінің кеңінен пайдаланылуы трактор жөндеу жұмысына да көп жеңілдік келтіруде.

СУРЕТТЕ: токарь **И. Савченко**, тракторшы **Н. Мыльченко** жолдастар жұмыс үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Тракторларды жөндеу бетімен жіберілген

Образцовая МТС-нің механизаторлары тың және тыңайған жерлерді игеруде колхозшы шаруалардың көмегімен елеулі табыстарға ие болды. МТС қамтуындағы колхоздарда мыңдаған гектар тың көтеріліп, жоспар асыра орындалды. МТС бойынша трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 108 процент орындалып отыр. Келесі жылы колхоздар егістің көпшілігін ерте дайындалған пар мен зябьке орналастырмақ.

Қол жеткен табысты баянды ету үшін және көктемгі егісті қысқа мерзімде, сапалы өткізіп, бітік егінінің негізін қалау үшін коллектив мүшелері алдағы егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірленулері керек еді. Бұған МТС-те мүмкіншілік те жеткілікті.

Алайда трактор жөндеудің қазіргі ба коммунистерге көріне-көзге төзіп келеді.

Егер мастерскойдағы жұмысшылар мен механизаторлардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылған болса, сол уақыттың өзінде де МТС-те тракторларды жөндеу олқылыққа ұшырамаған болар еді. Амал қанша, мастерскойда жүрген жөндеушілердің еңбегі жұмысқа тиімді пайдаланылмай келеді.

Бірқатар жұмысшылар смена жұмысына кешігіп келеді. Мұнда еңбек тәртібін бұзушыларға қарсы күрес жоқ. Жөндеу мастерскойының меңгерушісі Козкин жолдас жөндеушілерден жұмысқа уақытында келуді талап етпейді. Мұнымен бірге жөндеушілердің көпшілігі сменада істейтін жұмыстары күні бұрын жоспарланбайды. Осыдан барады да олардың біраз жұмыс уақыты босқа өтеді. Жөндеуші-механизаторлар Парфоменко және Кошелюк жолдастарды

шілермен бірге болып, олардың жұмысына қатаң бақылау жасау орнына кеңсешілдік-торышілдік жасау әдетінен арылмай жүр. Ол кей күндері жөндеу мастерскойына келмейді де. Әрине, бас инженердің мұндай жұмысынан нәтиженің болмайтындығы өзінен өзі белгілі.

Мастерскойда тракторға қажетті бөлшектер жеткіліксіз. Әсресе, «С—80» және «ДТ—54» тракторларына керекті «Р—1» подшипниктерінің жоқтығынан жөндеушілер зәрушілік көруде.

Жөндеу жұмысының қанағаттанғысыз жүргізілуіне тағы бір себеп — жөндеу жұмысының бригадалық әдіспен ұйымдастырылуы. Бұл әдістің тиімсіз екендігін МТС басшылары жақсы біледі. Бірақ олар жөндеу ісінде үздіксіз торaптық әдістің

Механизаторлардың жемісті еңбегі

Быйыл Преснов МТС-нің Топоров жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері Ворошилов атындағы колхозда дала жұмыстарын МТС пен колхоздың жасасқан шартында көрсетілген мерзімде, жоғары сапада орындауға жетісті. Пар мен зябь жырту, тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі тапсырмаларды едәуір артық орындады. Бригадада 15 аттың күші бар әрбір тракторімен жер жұмыстау 107 процент, ал трактор жұмыстарының жылдық жоспары 130 процент болып орындалды.

Механизаторлар бұл табыстарына қанағаттанып қойған жоқ, олар жер қатып, суық түсе бастағанда-ақ дала жұмыстарынан босаған тракторларды колхоздың мал фермаларына жемшөп тасуға қосты. Бұл жұмысқа бригададағы шынжыр табанды тракторлардың ең қуаттылары — «С—80», «ДТ—54» тракторлары бөлінді.

Тракторшылар мал қоралары жанына шөп, сабан тасуға кірісер алдында өзара социалистік жарысқа түсіп, колхоз даласындағы дайындалған барлық шөпті халық соттарының сайлауы күні — 12 декабрьге дейін фермаларға тасып жеткізуге міндеттенген болатын. Олар бұл міндеттемелерін қажырлы еңбектерімен бекітті. А. Колесников, Т. Кожарев, А. Вашутин жолдастар шөп және сабан тасу жөніндегі күндік тапсырмаларын үнемі 1,5—2 есе орындап отырды. Бұлардан тракторшы Батуев, Потехин, Спирин жолдастар да қалысқан жоқ. Тракторшылар еңбек өнімділігін арттыра отырып, мал фермалары жанына аз күн ішінде 7 мың центнерден астам шөп және сабан тасып үйді. Сейтіп, сайлау күніне дейін даладағы шөпті мал қораларына түгел тасып болды.

Механизаторлар сайлау құрметіндегі жарыста қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, колхоздың егін алаңындағы барлық сабанды мал қоралары жанына 20 декабрьге дейін түгел тасып жеткізуді көздеп, еңбек өнімділігін арттыра түсіп отыр.

Сонымен бірге механизаторлар тракторлардың техникалық күйіне

дайындалған жемшөпті ұқыпты сақтап үнемдеп жұмсау болып табылады. Сондықтан да алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің жемшөпті ұқыптылықпен сақтап, үнеммен жұмсау жөніндегі белгіленген шаралары мұқият жүзеге асырулары өте орынды. Егер әрбір колхозда, әрбір фермада дайындалған жемшөп талап тараза салынбай, малға тағайындалған норма бойынша дұрыс жұмсалса, сөйтіп оның қысқы маусымға толығынан жетуі қамтамасыз етілсе, онда мал қыстатудың табысты аяқталатыны сөзсіз. Бірақ, көптеген колхоздардың басшылары мал қыстатудағы бұл сияқты аса маңызды мәселеге мән бермей отырғаны байқалады.

Мысалға Мәмлют ауданындағы Ленин атындағы колхозды алайық. Мұндағы сыйыр малы фермасында табиғи шөп малға өлшенбей беріледі. Шөпті маядан қорға әкелген кезде едәуір шөп ысырап болады. Таңертең қораны қыйдан тазарту үшін малды далаға шығарғанда олардың тура шөп маяларына баруы және маяның үстіне шығып шөпті басып-жаншуы, азықтық сапасын кемітуі, ластауы жиі кездеседі. Фермада сабан сыйырларға алдын-ала әзірленбей, туралмай, нарленділмей беріледі. Сондықтан оның едәуір бөлегін мал жемей қалдырады. Жемшөп жұмсаудың мұншама бетімен жіберілуі салдарынан колхозда ноябрь айында ғана 280 центнер шөп нормадан артық жұмсалды. Осыған қарамастан колхоз председателі Чупрасов, сыйыр малы фермасының меңгерушісі Семыкин жолдастар мал азығын үнемдеп жұмсаудың шараларын жүзеге асыруды ұйымдастырмай-ақ келеді. Рас, олар малға жемшөпті өлшеп беретін арнаулы адам тағайындады, оның қарамағына таразы да берді. Алайда жемшөп әлі де бұрынғысындай малға өлшенбестен беріледі. Сол сияқты осы аудандағы «Завет Ильича» колхозында да жемшөптің ысырабы көп. Мұнда малдың қолда-қорада күтіле бастағаннан бергі бір айдан астам уақыт ішінде 700 центнер мал азығы нормадан артық жұмсалып жеткен. Бұған колхоз председателі Щербаков, бастауыш партия ұйымының секретарь болып отырған жолдас Ушаков «жемшөпті үнемдеп жұмсаймыз» деген міндетті хат алумен іс тынды деп ойлаған.

Мал қыстатуға, өсресе жемшөпті ұқыпты ұйымдастыруға атүсті қараудың зиянды екенін ұмытуға болмайды. Олай болса бұл іске барлық аудандардың, МТС-тердің, колхоздардың басшылары жанды басшылық жасауға міндетті. Қыс кезінде мал мамандарының атқаратын міндеті сыйындай түседі. Осыған байланысты МТС-тердің, колхоздардың зоотехниктерінің міндеттерінің дәрежесінде болуы керек. Олар өз қарауларындағы фермаларда малға жемшөптің тиісті норма бойынша, әр алдын-ала әзірленіп берілуіне, осы арқылы жемшөптің үнемделіп жұмсалуына басшылық етуге тиіс.

Быйыл МТС-тер мемлекет тарапынан көптеген жемшөп тұрағыш, буландырғыш машиналар, жабдықтар мен тетіктер алды. Оларды тиімді пайдалану жөнінде МТС-тер колхоздарға зор көмек көрсетулері керек. Бұл сабан-топандарды мал азығы ретінде тиімді пайдалануда үлкен роль атқаратын болады.

Колхоз басшылары дайындалған мал азығын есепке алуды, оны ферма меңгерушілеріне актілеп беруді және әрбір фермада жемшөптің нормаға сәйкес жұмсалуын қамтамасыз етуді ұйымдастырумен бірге, бұл жөнінде белгіленген шаралар жүзеге асыруға өздері тікелей басшылық етуге міндетті. Мал азығының талан-тараж болуы, ұқыпсыз жұмсалуы жөніндегі ең кіші-гірім кемшіліктерге де жол беруге болмайды.

Колхоздардың бастауыш партия ұйымы колхоз басшыларының мал қыстатуға, өсресе дайындалған жемшөпті сақтау мен жұмсау істеріне басшылығына күнбе-күн бақылау жасауға тиіс. Сонымен қатар колхозшыларды мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге жаппай жұмылдыруға, мал өсірушілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарды жақсартуға, мал қыстатудағы кездескен кемшіліктерді кезінде жою жөнінде колхоз басқармасына іскерлікпен көмектесіп отыруға міндетті. Олар бұл жұмысқа барлық коммунистер мен комсомолцетерді жұмылдыра білулері керек.

Куйбышев су электр станциясы құрылысында

КОМСОМОЛ ПОСЕЛКАСЫ. (Куйбышев облысы), 10 декабрь. (СОТА). Куйбышев СЭС-інде жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс барған сайын өрістетіле түсуде. Жарыс озаттарының ішінде құрылыстағы су механизаторларының үлкен, бір отряды бар. Топырақсорғыш снарядтардың экипаждары кәзірдің өзінде 4 миллион текшеметрден астам жер жұмысын жылдық жоспардағыдан артық орындады.

Быйылғы жылы су механизаторлары көптеген жауапты жұмыстарды ойдағыдай орындады. Топырақ плотинаның су шаятын бөлігі мерзімінен бір ай бұрын аяқталды. Волганың сол жақ жағасындағы Телячье аралындағы топырақ үйіндіге 6,5 миллион текшеметрден астам топырақ үйілді.

Біртоп қуатты жер снарядтары кемелер жүретін уақытша каналдың табанын қазуды аяқтады, мұнымен 1955 жылы төменгі шлюздер арқылы кемелер өтетін болады. Су механизаторлары бетоншылаға үлкен көмек көрсетті, олар бетон жасау үшін өзеннің түбінен 2 миллион текшеметрден астам құм шығарды.

Жер снарядтардың бір бөлігі кезекті жөндеуге тұрды. Алдағы жылы олардың экипаждары Волганың сағасын бекітетін болады. Су механизаторларына 30 километрден астам трубаларды құрастыру және Волга суына 12 миллион текшеметр топырақты ағызу қажет болады.

ТОРАПТЫҚ ӘДІС БОЙЫНША

(Ленин атындағы МТС-тің директоры П. Супрунюкпен әңгіме)

Ленин атындағы МТС облысымыздағы бірі МТС-тердің бірінен саналады. Станция жұмыскерлері үстіміздегі жылы едәуір жұмыстар істеді. 20 мың гектардан астам тың көтерілді, пар мен зябке 24 мың гектар жұмсақ жер жыртылды. 15 аттың күші бар әрбір трактормен жұмыстанған жер жоспарда белгіленген мөлшердегіден 140 гектар артық болды. Сөйтіп МТС бойынша трактор жұмыстарының жылдық жоспары едәуір асыра орындалды.

—Станция коллективінің алдында бұрынғыдан да зор міндеттер тұр,—дейді МТС директоры Супрунюк жолдас. —Келесі жылы МТС қамтуындағы колхоздарда егіс көлемі анағұрлым ұлғайтылады. Көктемгі егіс жұмыстарының деркезінде, жоғары сапада орындалуы біздің оған әзірлігімізге байланысты екендігі даусыз. Мұны ескерген МТС механизаторлары мен жұмысшылары өздерінің барлық күшін тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын тез және сапалы жөндеуге жұмылдыруда.

Үстіміздегі жылы МТС-тің машина-трактор паркі 38 шынжыр табанды тракторлармен, 35 комбайнмен, көптеген басқа машиналармен толықтырылды. Ал МТС-тің жөндеу базасы бұрынғы көлемінде қалды. Осыған байланысты МТС коллективі жөндеу базасын іске әзірлеуді ерте бастан қолға алды. Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары дала жұмыстарынан босағанға дейін біз жөндеу мастерскойын іске әзір еттік. Мастерскойдағы жұмыс орындары жөндеуді торапты әдіспен жүргізетіндей етіп қайта реттелді. Әрбір тораптың жөндеу жұмыстары үшін керекті аспаптармен, станоктармен жабдықталды, қуат беретін шаруашылықтар төртпіке келтірілді.

Дала жұмыстарынан босаған тракторлар МТС усадьбасына әкелінісімен станцияның бас инженері Швец жолдастың басқаруымен оларға тексеру жүргізілді. Әрбір тракторға, комбайнға, басқа да машиналарға дефективтік ведомостар жасалды. Әрбір машинаны жөндеуді бастау және аяқтау мерзімдері көрсетілген жұмыс графигі жасалды.

Жөндеу тораптарында жұмыс істеуге алдыңғы қатарлы механиктер, трактершылар, бригадирлер мен комбайншылар іріктеліп тағайындалды. Мәселен аса маңызды тораптардың бірі —мотор жөндеу жөніндегі торапты тәжрибелі механик Иван Чвилев басқарады, торапта 10 жылдан 20 жылға дейін өндірістік стажы бар станциямыздағы тәжрибелі комбайншылар М. Голотко, А. Хижняк, П. Белоскопытов Я. Миллер тағы басқа жолдастар жұмыс істейді. Олардың бәрі де тапсырмаларын смена сайын 1,5—2 есе орындап, жөндеу жұмысының жоғары сапада жүргізілуін қамтамасыз етіп келеді. Сол сияқты мастерскойдағы 30 тораптың барлығында да техниканы сүйетін, іскер және ұқыпты механизаторлар жұмыс істейді.

МТС-те жөндеу жұмысының тораптық әдіс бойынша жүргізілуі еңбек өнімділігін едәуір арттыруға жағдай жасап отыр. Әрбір торапқа тұрақты тағайындалған механиктер мен жұмысшылардың өз істеріне жауапкершілігі күшейді, олар жөндеу жұмысының қарқынды және жоғары сапада жүргізілуін қамтамасыз етіп келеді. Егер өткен жылдары біз әрбір «СХТЗ» тракторларын 15—18 күн жөндесек, кәзір ондай тракторлар мастерскойда 6 — 7 күннен артық болмайды. Сондай-ақ шынжыр табанды тракторларды жөндеуге кететін уақыт та едәуір азайтылып отыр. Бұл жөндеу графигін ойдағыдай орындауға ғана емес, сонымен бірге жөндеуге жұмсалатын қаржыны көп үнемдеуге жағдай жасауда. Кәзір МТС-те 35 трактор жөнделді, ал 17 декабрьге дейін тракторларды жөндеу жөніндегі төртінші тоқсандық жоспар толық орындалатын болады. Сонымен бірге жыл аяғына дейін жоспардан тыс кемінде 10 тракторды жұмысқа әзір етуді ұйғарып отырмыз. Бұл сөзсіз орындалады да.

Бізде жұмыс графигі бес күн сайын жасалады. Өндірістік кеңестерде әрбір бес күндіктің қорытындысы талқыланады. Мұнда істегі кемшіліктер батыл сынға алынады, ол кемшіліктерді жоюға бағытталған бағалы пікірлер айтылады. Мына бір мысалды келтірейік: жақында бір «ДТ—54» тракторы мен «СТЗ—НАТИ» тракторы мастерскойда көп тұрып қалды. Өйткені оларға керекті жұлдызшалар болмады. Өндірістік жыйналыста электрмен болат балқытушы Эйхвальд жолдас «Глававтотракторсбыттың» қоймасында жатқан жұлдызшаларды күтіп, тракторларды мастерскойда ұстаудың орынсыз екендігін сынады. Сонымен бірге ол жұлдызшаларды мастерскойдың өзінде жасауға болатындығын айтты. Жөндеуші-механизаторлар Эйхвальд жолдастың ұсынысын қолдады. Кәзір біздің мастерскойда «ДТ—54» тракторлары үшін жасалған жұлдызшалар өзінің сапасы, іске жарамдылығы жағынан заводта жасалатындардан кем түспейді. Біздің жөндеушілер ролик подшипниктерін, шынжыр табанның буындарын, тағы басқа күрделі детальдарды қайтадан қалпына келтіруді жақсы меңгерді.

Біраз уақытқа дейін токарлар цехы өз тапсырмасын толық орындай алмай келді Өйткені цехтың жұмыстарын ұйымдастыру тиісті дәрежеде болмады. Сондықтан біз цехты басқаруға коммунист Вәрлаков жолдасты тағайындадық. Ол мұндағы еңбек ұйымдастыру ісін жолға қойды. Кәзір токарлар цехы детальдарды кезінде беріп қоймай, оларды артығымен дайындауға жетісті. Токарь Кузьменко, Токарев жолдастар сменалық тапсырмаларын үнемі 130—140 процент орындайды.

Өткен жылдары қосалқы бөлшектердің уақытылы МТС-ке жеткізілмеуінен жөндеу жұмысы едәуір бөгеліп жүрді. Бұл кемшіліктің қайталамау үшін біз быйыл қосалқы бөлшектерді мезгілінде жеткізіп отыруға арнаулы адам (механик Мартыненко жолдасты) бөлдік. Оның қарамағына жүк автомашинасы берілді. Мартыненко жолдас «Глававтотракторсбыттың» облыстық мекемесімен, Мәмлют жөндеу механика заводымен, көршілес МТС-термен және совхоздармен үздіксіз байланыс жасап, жөндеушілерді керекті қосалқы бөлшектермен, жөндеу материалдарымен уақытылы қамтамасыз етіп отырады.

Механизаторлар тек тракторларды ғана емес, сонымен бірге басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді қызу қарқынмен жүргізуде. МТС-тегі барлық сеялкалар, культиваторлар, плуттер, лущильниктер, тырмалар 1 январьге дейін түгел жөнделіп болады. Тіркеу құралдарын жөндейтін 10 бригада құрылды, оларды механик Печонкин жолдас басқарады. Кәзір МТС бойынша 65 сеялка, 10 культиватор, 10 лущильник, 35 плуг, көптеген тырма жөнделді, сонымен бірге жаңадан алынған сеялкалар мен культиваторлардың едәуірі құрастырылып жұмысқа әзір етілді.

Трактор мен ауылшаруашылық машиналарды жөндеуді мерзімінен бұрын және жоғары сапалы өткізу жөніндегі Интернационал МТС-і механизаторларының ұндеуі біздің станцияның жөндеуші-механизаторларынан қызу қолдау тауып қойған жоқ, сонымен қатар олардың жаңа еңбек өрлеуін тұғызды. Біз тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын мамыр айы ішінде толық аяқтап шығуды қамтамасыз етеміз. Сөйтіп, тың игерудің екінші көктемін сақадай сай әзірлікпен қарсы алатын боламыз.

дайындалған жемшөпті ұқыпты сақтап үнемдеп жұмсау болып табылады. Сондықтан да алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің жемшөпті ұқыптылықпен сақтап, үнеммен жұмсау жөніндегі белгіленген шаралары мұқият жүзеге асырулары өте орынды. Егер әрбір колхозда, әрбір фермада дайындалған жемшөп талап тараза салынбай, малға тағайындалған норма бойынша дұрыс жұмсалса, сөйтіп оның қысқы маусымға толығынан жетуі қамтамасыз етілсе, онда мал қыстатудың табысты аяқталатыны сөзсіз. Бірақ, көптеген колхоздардың басшылары мал қыстатудағы бұл сияқты аса маңызды мәселеге мән бермей отырғаны байқалады.

Мысалға Мәмлют ауданындағы Ленин атындағы колхозды алайық. Мұндағы сыйыр малы фермасында табиғи шөп малға өлшенбей беріледі. Шөпті маядан қорға әкелген кезде едәуір шөп ысырап болады. Таңертең қораны қыйдан тазарту үшін малды далаға шығарғанда олардың тура шөп маяларына баруы және маяның үстіне шығып шөпті басып-жаншуы, азықтық сапасын кемітуі, ластауы жиі кездеседі. Фермада сабан сыйырларға алдын-ала әзірленбей, туралмай, нарленділмей беріледі. Сондықтан оның едәуір бөлегін мал жемей қалдырады. Жемшөп жұмсаудың мұншама бетімен жіберілуі салдарынан колхозда ноябрь айында ғана 280 центнер шөп нормадан артық жұмсалды. Осыған қарамастан колхоз председателі Чупрасов, сыйыр малы фермасының меңгерушісі Семыкин жолдастар мал азығын үнемдеп жұмсаудың шараларын жүзеге асыруды ұйымдастырмай-ақ келеді. Рас, олар малға жемшөпті өлшеп беретін арнаулы адам тағайындады, оның қарамағына таразы да берді. Алайда жемшөп әлі де бұрынғысындай малға өлшенбестен беріледі. Сол сияқты осы аудандағы «Завет Ильича» колхозында да жемшөптің ысырабы көп. Мұнда малдың қолда-қорада күтіле бастағаннан бергі бір айдан астам уақыт ішінде 700 центнер мал азығы нормадан артық жұмсалып жеткен. Бұған колхоз председателі Щербаков, бастауыш партия ұйымының секретарь болып отырған жолдас Ушаков «жемшөпті үнемдеп жұмсаймыз» деген міндетті хат алумен іс тынды деп ойлаған.

Мал қыстатуға, өсресе жемшөпті ұқыпты ұйымдастыруға атүсті қараудың зиянды екенін ұмытуға болмайды. Олай болса бұл іске барлық аудандардың, МТС-тердің, колхоздардың басшылары жанды басшылық жасауға міндетті. Қыс кезінде мал мамандарының атқаратын міндеті сыйындай түседі. Осыған байланысты МТС-тердің, колхоздардың зоотехниктерінің міндеттерінің дәрежесінде болуы керек. Олар өз қарауларындағы фермаларда малға жемшөптің тиісті норма бойынша, әр алдын-ала әзірленіп берілуіне, осы арқылы жемшөптің үнемделіп жұмсалуына басшылық етуге тиіс.

Быйыл МТС-тер мемлекет тарапынан көптеген жемшөп тұрағыш, буландырғыш машиналар, жабдықтар мен тетіктер алды. Оларды тиімді пайдалану жөнінде МТС-тер колхоздарға зор көмек көрсетулері керек. Бұл сабан-топандарды мал азығы ретінде тиімді пайдалануда үлкен роль атқаратын болады.

Колхоз басшылары дайындалған мал азығын есепке алуды, оны ферма меңгерушілеріне актілеп беруді және әрбір фермада жемшөптің нормаға сәйкес жұмсалуын қамтамасыз етуді ұйымдастырумен бірге, бұл жөнінде белгіленген шаралары жүзеге асыруға өздері тікелей басшылық етуге міндетті. Мал азығының талан-тараж болуы, ұқыпсыз жұмсалуы жөніндегі ең кіші-гірім кемшіліктерге де жол беруге болмайды.

Колхоздардың бастауыш партия ұйымы колхоз басшыларының мал қыстатуға, өсресе дайындалған жемшөпті сақтау мен жұмсау істеріне басшылығына күнбе-күн бақылау жасауға тиіс. Сонымен қатар колхозшыларды мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге жаппай жұмылдыруға, мал өсірушілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарды жақсартуға, мал қыстатудағы кездескен кемшіліктерді кезінде жою жөнінде колхоз басқармасына іскерлікпен көмектесіп отыруға міндетті. Олар бұл жұмысқа барлық коммунистер мен комсомолцетерді жұмылдыра білулері керек.

рысы МТС-те, өте-мөте қанағаттанғысыз. МТС жаңа жылға дейін 41 трактор, 8 комбайн жөндеу керек болса, бұдан жөнделгені небары 16 трактор ғана. Ал комбайндарды жөндеу мүлдем қолға да алынған жоқ. Бұған алдымен МТС дирекциясы мен партия ұйымы кінәлі деуіміз керек.

МТС басшылары жөндеу жұмысына әлі күнге дейін трактершылар мен комбайншыларды және олардың көмекшілерін тоқтық қатыстыра алмай келеді. Мастерскойда жұмыс істеп жүрген адам 120 деп есептелінеді. Ал бұдан нақтылы жұмысқа қатысатыны небары 60—70 қана. Өзгелері түрлі «себептермен» мастерскойға келмейді. Әлі күнге дейін МТС-те жүзге тарта тракторшылар мен комбайншылар жөндеу жұмысына қатыстырылмай келеді. Олардың көпшілігі өздерінің жеке шаруашылықтарымен шұғылдануда. Коммунист—механизаторлар Сыздықов, Есмағұлов, Попов жолдастар жөндеу жұмысынан бас тартып жүр. МТС партия ұйымы, оның секретары Корбовничий жолдас мұндай дәстар былай дейді:

—Біздің көп уақытымыз босқа өтеді. Мастерской меңгерушісі Козкин және МТС-тің бас инженері Шанин жолдастар біздің жұмысқа қамтамасыз етпейді. Олардан жұмыс сұрасақ, тракторларды жөндеуге, қажетті бөлшектерді үзіліссіз тауып беріп отыруды талап етсек, олар «оны өзіміз де білеміз» деп жүре жауап береді. Біз нетізінен моторларды жөндейміз. Соңғы моторды 14 күн жөндедік. Егер қосалқы бөлшектер жеткілікті болған күнде, біз бұл моторды 2 күнде жөндеп болған болар едік. Мұнша жұмыс күніміздің босқа өтуіне біз қынжылсақ та, МТС басшылары қынжылмайды.

Жұмысшылардың бұл сөзінен олардың, тракторларды тез әрі сапалы жөндеуге барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдырғандықтарын, бірақ МТС басшыларының жөндеу жұмысына іскер басшылық жасай алмайтындықтарын көруге болады. Бас инженер Шанин жолдас жөндеу жұмысына қолма-қол басшылық жасау, жөндеу - жұмысының технологиялық әдістерін өрескел бұрмалауда.

Тракторды жөндеу —МТС өндірісіндегі кәзіргі ең шешуші жұмыс. Солай болатұрса да МТС партия ұйымы бұл жұмыстан тыс қалған. Партия ұйымы коммунистердің жөндеу жұмысына толық қатысуын қамтамасыз етпегені жоғарыда айтылды. Мұнымен бірге коммунистер өндірісте авангардтық роль атқара алмай жүр.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Великанов жолдас та жөндеу жұмысына нақтылы басшылық жасамайды. Ол аудан орталығында тұрады. МТС-ке нақтылы басшылық етпейді.

МТС-те трактор жөндеудің олқылыққа ұшыраған аудан басшыларына әбден белгілі. Аудан басшылары істегі кемшіліктерді жою жөнінде жедел шаралар қолдануға тиіс.

Т. КӘДІРОВ,
Явленка. (арнаулы тілшіміз).

зар ауаруда. Бригададағы тракторлардың көбі быйыл тек жеңіл жөндеуден ғана өткізілетін болады. Бұл бригада механизаторларының техниканы ұқыпты-тықпен күте білгенінің нәтижесі деуіміз керек.

М. НАЗАРИН,
Преснов ауданы, Преснов МТС-і партия ұйымының секретары.

Келесі жылдың егісі үшін

Коновалов МТС-нің қамтуындағы «Путь к коммунизму» колхозының (Октябрь ауданы) мүшелері келесі жылдың егісіне әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Колхозшылар МТС механизаторларымен бірлесе отырып, быйыл алдағы жылдың жаздық егісі үшін пар мен зябьті жеткілікті мөлшерде дайындады. Колхозда 14 мың центнер дәнді дақылдардың тұқымы құйылып тазартылды.

К. ВАСИН.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

ҒЫЛМИ-АТЕИСТІК НАСИХАТ ПӘРМЕНДІ ЖҮРГІЗІЛСІН

Аудан колхоздары мен совхоздарында және МТС-терінде ғылми-атеистік насихатты жақсарту жолында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылды. Ғылми-атеистік тақырыптарда оқылған лекциялардың саны көбейіп, сапасы жақсара түсті.

СОКП Орталық Комитетінің «Халық арасында ғылми-атеистік насихат жүргізудегі қателіктер туралы» қаулысы ауданның колхозшылары мен жұмысшы, интеллигенттерінің арасында кеңінен түсіндірілді. Сонымен бірге бұл қаулы партия комитетінің насихатшылары мен саяси және ғылми білімдер тарату қоғамы мүшелерінің жиналысында талқыланып, бұл бағыттағы лекциялық насихатты жаңа міндеттер дәрежесіне сәйкес жүргізудің нақтылы шаралары белгіленді. Кәзір аудан бойынша «Ғылым және дін», «Адамның санасындағы діни сөнбес сенімдерді жоюдың жолдары», «Марксизм-ленинизм діннің шығуы туралы», «Ислам дінінің шығуы және оның таптық мәні», «Совет адамының моральдық бейнесі» және тағы да басқа тақырыптарда лекция оқудың жоспары жасалды. Аудандық партия комитетінің жанындағы саяси баяндамашылар және лекторлар топтарының мүшелері: аудандық партия комитетінің секретарьлары Г. Козин, М. Садуов, аудандық комсомол комитетінің секретары И. Мукашов және аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары А. Шалғынбаев жолдастар аудан колхозшылары мен жұмысшылары үшін жоғарыда аталған тақырыптарда үнемі лекция оқып жүр.

Ғылми-атеистік насихат, әсресе Қызылы астық совхозында, Совет, Сартомар МТС-терінде ойдағыдай ұйымдастырылған. Бұл совхоз бен МТС-терде мәдени-ағарту мекемелерінің кемшілігін діңге қарсы лекциялар, әңгімелер өткізілін, сұрақ-жауап кештері жиі-жиі ұйымдастырылады. Осындай жұмыстарды жүргізуге аудандық комитеттің штаттан тыс лекторлары А. Жаңпейсов, Писклин, Б. Барзаковский, О. Мәкин, Павленко жолдастар белсенділік көрсетіп жүр. Қызылы, Смирнов, Полтавка орта мектептерінде ашылған ата-аналар лекторийлерінде де діңге қарсы насихат жүргізілін тұрады.

Дегенмен, ауданымыздың колхоздары мен совхоздарының басым көпшілігінде ғылми-атеистік насихат бүгінгі күннің дәрежесіне сай жүргізілмей отыр. Кейбір насихатшылар діңге қарсы идеялық күреске жеңе мен бермей, бұл жұмысты босаңсытып, халық бұқарасына коммунистік тәрбие беру ісіне немқұрайлы қарап келеді.

Міне осының салдарынан кейбір колхоздар мен совхоздарда сана сезімі төмен жеке колхозшылар мен жұмысшылар тарапынан діни мейрамдар кезінде қонақ жұмысын тастап кетушілік фактілері орын тепкен. Ауылшаруашылық мамандарының ... ғамдық мал екі күн жемшөпсіз тұрды. Осы діни мейрамдар «Красное поле», «Красный полтавец», «Путь к коммунизму» колхоздарында да көп нұқсан келтірді.

Осы жылдың жазында «Борьба за коммунизм» колхозының Қаратал участогіндегі колхозшылар ұйымдасқан түрде намаз оқып, құдайдан жаңбыр «тілеген». Осындай іске мектеп жасындағы оқушы балалар да қатысқан. «Путь 12 лет октября» ауылшаруашылық артелінің мүшесі Коноенко ауру әйелін аудандық ауруханаға әкелудің орнына, Тюмень облысындағы қайдағы бір бақсыға қаратып, ауруды сарапқа салған.

Егер аталған колхоздардағы партия, совет, комсомол активтері ғылми-атеистік насихатты мазмұнды ұйымдастырып, халық бұқарасына діни сөнбес сенімдердің зиянын терең түсіндірсе, мұндай совет қоғамының өміріне, коммунистік моральға жат қылықтар орын алмаған болар еді. Бірақ амал не, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары өздерінің күнделікті жұмысында ғылми-атеистік насихатқа әлі күнге дейін назар аудармай келеді.

Шағлы, Киров атындағы астық совхозында, Шағлы МТС-інде жоғары дәрежелі білімі бар ауылшаруашылық мамандары, оқытушылар жеткілікті бола тұрса да, партия ұйымдарының секретарьлары В. Прихненко, И. Овчеренко, Павлюк жолдастар село интеллигенциясының күшімен лекторийлер ұйымдастыруды естен шығарып отыр. Киров атындағы астық совхозының директоры Дьяченко, бас агрономы Ю. Готовкин, орта мектеп директоры М. Левченко, Шағлы астық совхозының директоры Сущинко, жетіжылдық мектептің директоры Кривонос жолдастар жұмысшылар арасында бірде-бір лекция оқыған емес. Ал мұнда мал шаруашылығы мамандарын, агрономдарды, инженерлерді, мұғалімдерді, медицина қызметкерлерін лекциялық насихатқа жұмылдыруға толық мүмкіншілік бар.

«Красный полтавец», «Путь к коммунизму», «Игілік», Ленин атындағы колхоздардағы мәдени-ағарту мекемелерінің меңгерушілері Сергиенко, Дидиженко, Ысқақов, Петренко жолдастар ғылми-атеистік насихат жұмысына басшылық жасау ісінен тыс қалған. Мәдени-ағарту мекемелері егіс бригадалары мен мал фермаларында және басқа көпшілік орындарда ғылми-атеистік насихаттың барлық түрлерін кеңінен өрістетуге міндетті.

Ғылми-атеистік насихат жұмысындағы мұндай кемшіліктерге енді төзіп отыруға болмайды. Сондықтан діңге қарсы насихатты мазмұнды ұйымдастырып, еңбекшілерді дүниеге материалистік тұрғыдан қарау рухында, ескінің қандай болмасын

Бүгін Москвада совет жазушыларының

екінші съезі ашылды

БІЗДІҢ ТІЛЕК

(Совет жазушыларының II-съезіне арнаймын)

I. Ақындарға

Туған елді
Мақтантып, қуандырған мол өнімі,
Тыңға шыққан,
Биік, бітік егіндей көзді тартқан,
Жақсы жырлар
Жазыңдар өлең сөзге талаптылар!

Кейбір ақын
Білмей-ақ машина мен дақыл атын
Жазады өлең
Өмірге көз жіберіп терезеден,
Бұрыш шыңды—
Сайратып бақшаларда лашынды.

Сонда тіпті
Кеткендей ермен қаптап егіндікті,
Өлең жолы
Тұралы нәрсіз сөзге болып толы.
Ондай өлең
Бір сағаттық кинолық билетпен тең.

Ол ақындар
Еңбектің ерлерімен жүріп қатар
Көріп ісін,
Сөйлесіп сол ерлердің сырын білсін.
Тым жарасып,
Туар жыр ойдың жаңа кеңін ашып.

Туған елді
Мақтантып қуандырған мол өнімі,
Тыңға шыққан,
Биік, бітік егіндей көзді тартқан,
Жақсы жырлар
Жазыңдар өлең сөзге талаптылар!

II. Сыншыларға

Ойлы сыншы,
Ақын мен жазушының ақылшысы!
Өлең —егін,
Өзіңсің агрономы сол егіннің.
Тура сының
Мол өнімді алудың ашар сырын.

Шық жоғары,
Басып өз білімінмен ақындарды.
Парторгпе
Үйреткен адамдарды озат іске,
Сенің сөзің
Ақынға ой ойлатып, берсін сезім.

Жырды сендер
Орынсыз мақтап яки кемітпендер.
Байыптамай,
Қағазға қызыл шоқты орағандай,
Бұркемендер,
Шындықты әділдікпен көрсетіндер.

Сен айтқан сын
Көрсетсін жырға деген халық сынын,
Сонда сенің,
Естілер ақындарға асқақ үнің,
Даусы қосқан
Миллионның үніндей қатар шыққан.

Әли МҰСАХАНОВ.

КІТАПХАНАЛАРДА

Бүгін Отанымыздың астанасы—Москвада жазушылардың Бүкілодақтық екінші съезі ашылады. Съезд қарсаңындағы күндерде миллиондаған кітап оқушылар соңғы кездегі совет әдебиетінің шығармалары туралы өздерінің пікірлерін айтыс, баспасөз бетінде жарияланған айтыстарға қатысты. Ал кітапханалар жекелеген жазушылардың шығармалары жөнінде кітап оқушылар конференцияларын өткізді.

Облысымыздың қалалық, аудандық, ауылдық және селолық кітапханаларында жазушылардың Бүкілодақтық екінші съезіне арналған кітап көрмелері, әдеби кештер, фотовитриналар ұйымдастырылды. Мұнда көптеген кітап оқушылар конференцияларда талқыланған көркем әдебиет жөнінде өздерінің пікірлерін және тілектерін айтты. Бұл жөнінде қаладағы № 2 техникалық кітапхананың коллективі игілікті жұмыстар істеді.

Кітапхана жазушы Ажаевтың «Москвадан алыста» деген романы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізді. Бұл конференцияда бірқатар кітап оқушылар шығып сөз сөйлеп, өздерінің кітаптың жетістігі мен кемшіліктері жөніндегі пікірлерін айтты. Мұнымен бірге, кітапханада «Жазушылардың кітап оқушылармен байланысы», «Жазушылардың Бүкілодақтық екінші съезі» деген тақырыптарда әңгімелер өткізілді. Ал съезд қарсаңындалерін, тілектері мен талаптарын және ескертпелерін жыйыстыруды ұйымдастырып, съезд қарсаңындағы күндерде оларды ССРО Жазушылар Одағы мен жекелеген жазушыларға үнемі жіберіп отырды. Онда облысымыздың кітап оқушылары соңғы кездегі шыққан көркем шығармалар туралы өздерінің пікірлері мен ескертпелерін айтты. Көркемдік, идеялық, тәрбиелік дәрежесі жоғары шығармалардың көптеп жазылуын тілек етті.

Кітап оқушылардың жазба түрінде жіберген тілектері мен талаптарына жазушылар Одағынан, жекелеген жазушылардан жауаптар келді. Бұл жауаптарда олар кітап оқушылардың орынды тілектері мен ескертпелеріне көп алғыс айтып, келешекте де көркем шығармалар жөнінде өздерінің пікірлерін жазып тұруын сұранды.

Еңбекшілеріміздің материалдық тұрмысы жақсарған сайын, олардың рухани тілегі де күн санап өлшеусіз өсуде. Кітапханалардағы кітап қорының көбеюіне байланысты кітап оқушылардың саны да көбеюде. Кәзір тек қала кітапханаларының өзінде ғана 477786 дана әртүрлі саяси, көркем әдебиеттер бар. Ал, кітап оқушылар саны 41700 адамнан асады.

Облысымыздың кітапханалары бұл күндері өздерінің жұмысын жазушылардың Бүкілодақтық екінші съезінің материалда-



Шағын двигательдер жасау заводының өбзел жасаушысы Игілік Бейсенбаев жолдас өз міндетіне жауапты қарап, жұмысты ұқыпты орындайды. СУРЕТТЕ: **И. Бейсенбаев** жолдас станок ременін жалғастырып тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Москвалықтарға іспен жауап беруде

Көпшілік тұтынатын товарлардың сапасын жақсарту, еңбекшілердің өсекелеңі талабына сай бұйымдар шығаруды неғұрлым ұлғайта беруді Коммунистік партия мен үкметімізі кәсіпорындарының алдына басты міндеттердің бірі етіп қойып отыр. Бұл шұғыл міндеттер, біздің облысымыздың да кәсіпорындарының жұмыстағы жауапкершілігін арттырып, олардың алдына қойылатын міндеттерді бұрынғыдан да күрделендіре түсті.

Халық көп тұтынатын өнеркәсіп товарларының аса маңызды түрлерінің бірі— аяқкиім. Қала еңбекшілерінің заказдары бойынша және кооперативтік-сауда орындарына түсірілетін аяқ-киімдер тігу ісімен қаладағы Сталин атындағы кәсіпшілік артель шұғылданып келеді.

Артель коллективі қала еңбекшілеріне өсем, берік аяқ-киімдер тігіп беруде үстіміздегі жылы бірталай жақсы көрсеткіштерге жетті. Мұнда 1954 жылдың өндірістік тапсырмасы 1 декабрьге дейін орындалды. Бұл мерзім ішінде артель коллективі 3 миллион 410 мың сомның өнімін шығаруды жоспарлаған болса, ол алған міндеттемені аброймен орындап шықты. Көрсетілген мерзімде өндірістік тапсырма орындалып, 10 мың сомның жоғары сапалы өнімі жоспардағыдан тыс өндірілді.

Артель аяқкиім шығаруды ұлғайтуға ішкі резервтерді ойдағыдай пайдалану, өндіріс процестерін барынша механикаландыру, барлық жұмысты конвейерлі әдіспен орындауға көшірді, еңбекті және өндірістегі еңбекшілердің ынтажігерін арттыра түсуге қолайлы жағдай туғызып отырады.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарту жолындағы социалистік жарыста жалпы артель бойынша № 8 етік-тігу мастерскойы алда келеді. Цехтың озат етік тігушілері Шафхат Исаев, Михаил Журба жолдастар өндіріске еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп, коллективтің құрметіне бөленуде. Шафхат Исаев жолдас үстіміздегі жылдың өткен он айында өндірістік тапсырманы 226,3 процентке орындап шықты. Ал оның өндірістегі досы Михаил Журбаның көрсеткіші бұдан да жоғары. Ол жылдың өткен он айында қала тұтынушыларына ондаған пар жоғары сапалы етік тігіп, өндіріске алған міндеттемесін 275,8 процентке артығымен орындап шықты. Бұл өндіріс озаттарының еңбектері жоғары бағаланды. Олар бірнеше рет артель басшыларынан алғыс және ақшалай, заттай сыйлықтар алды. Онымен бірге, республикалық өндіріс орындары кәсіпшілер одағының құрмет тақтасына жазылып, омырауға тағатын «Өндіріс озаты» значогімен наградталды.

Бұл артельдің жұмысына соңғы жылдарда әйел қадрлары зор күш көрсетіп келеді. Кәзірде мұндағы цехтар мен мастерскойларда 35 жұмысшы әйел бар. Олардың көпшілігі жылдық өндірістік жоспарды 1 декабрьге дейін артығымен орындап шықты. Ал 12 жұмысшы әйел бесінші бесжылдық жоспарды кәзірдің өзінде артығымен орындап отыр. Олар-

ның 30 жылдығы», «Новый быт», «Путь 12 лет октября» колхоздарында кезлеседі.

Үстіміздегі жылы «Новый быт» колхозында «крещение» және «рождество» діни мейрамдары кезінде кейбір колхозшылардың жұмысқа шықпауы себепті қо-

жұмысын күн сайын жақсарту қажет.

Қ. ТІЛЕУЖАНОВ,

Совет аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Комсомол ұйымына көңіл бөлінбейді

Булаев аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары П. Еременко жолдастың Ленин атындағы колхоз комсомол ұйымының жұмысы жайында сөйлесе қалсаңыз:

—Ол комсомол ұйымына нұсқаушы А. Загыпаров жолдас барып тұрады. Сондықтан менің онда болуым міндетті де емес. Бұл ұйымда алты айда бір рет комсомол жиналысының өтуі де заңды. Өйткені, комсомолецтер шаруашылық жұмыстардан босамайды, —дегенді айтады.

Расында да осындай. Кектем өгісі кезінде Еременко жолдас бір рет машинамен бригадаларды асығыс аралап өтті де, қайтып ол колхозды көрген емес. Ал аудандық комсомол комитетінің екінші секретары Зарипова жолдас бұл колхоздың қай жерде екенін де білмейді. Нұсқаушы А. Загыпаровтың комсомол ұйымында жиі болып тұратыны рас. Бірақ кемшіліктерді көріп, фактілерді жазып, жапшылама нұсқау береді де кете барады.

Осының салдарынан бастауыш комсомол ұйымының жұмысы нашарлап кеткен. Мүшелік жарналар уақытында жыйналмайды. Колхоз өндірісінде еңбек тәртібін бұзушы комсомолецтер де бар. Ұйымда комсомол жасынан асып кеткен мүшелерді партияға ұсыну, одақта жоқ жастарды комсомол мүшелеріне қабылдау ісі жоқтың қасы. Сол сыяқты, комсомолецтердің саяси оқуы да формальді ұйымдастырылған.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының бұл мәселені ескеруі қажет.

Б. ЖАҚЫПОВ.

кітапханада әлемі талқыланып отырылды.

Жазушылардың Бүкілодақтық екінші съезіне әзірлік жұмыстарына облысымыздың кітап оқушылары да белсене араласты. Облыс кітапханалары кітап оқушыларының көркем шығармалар жөніндегі пікір-

таныстырып отыруға бағыттауда. Кітапханаларда съезд алдындағы баспасөз бетінде жарияланған айтыстар сыяқты, онда қаралған мәселелер де үзбей талқыланып тұрмақ.

А. ӘБІЛОВ.

АДАМНЫҢ ШЫН ДОСЫ

Жастардың дүниеге материалистік көзқарасын қалыптастыруда, олардың арасында коммунизм идеясын насихаттауда көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Біздің халқымыз көркем әдебиеттен коммунизмнің белсенді құрылысшылары—жоғары моральді совет адамдарының озат бейнелерін көреді, олардан үлгі алады. Міне, сондықтан да, еңбекшілердің әрбір жаңа шығарманы асыға күтетіндігі, жазушыларымыздың әрбір сәтті қадамына қуаныш, сәтсіздігіне ренжіп отыратындығы заңды нәрсе. Біздің кітап оқушыларымыз жазушылардың шығармаларындағы кемшіліктерді батыл сынап, оны түзеуге үлемі атсалысып отырады.

Кітап адамның шын досы, айнымас ақылшысы екендігін ұлы жазушы Горький атап көрсеткен болатын. Бұл әмірден алынған айқын шындық. Сондықтан да, біз жастар, кітапты өте сүйіп оқый-

мыз. Ол арқылы дүние тануға, еңбекке, жолдасты сыйлауға, жоғары мәдениеттілікке үйренеміз.

Соңғы жылдары совет әдебиетінде біркатар жаңа көркем шығармалар жарыққа шықты. «Жас гвардия», «Жаңа жағаға қарай», «Абай» және басқа түрлі ұлттық, мазмұны социалистік совет халықтарының әдебиеті—кітап оқушылардың сүйіп оқийтын шығармалары.

Біздің жазушылардан күтеріміз әлі де көп. Партияның шақыруы бойынша тыңға аттанған патриоттардың қажырлы еңбектерін көрсеткен жаңа жерлердің Корчатиндерінің образын жасаған шығармалар бізде әлі де болса аз. Ал бұл шығармалар жастарымызды еңбекке шыңдалы етіп тәрбиелеуге өте қажет.

И. МӘЛІКОВ,

Ушинский атындағы мұғалімдер институтының студенті.

Қазақстан кәсіподақтары Советінің үшінші Пленумы

Алматыда Қазақ ССР кәсіподақтары Советінің үшінші Пленумы болды. Пленум Қазақстан кәсіподақтары Советінің председателі Шәріпов жолдастың өнеркәсіп орындары, МТС және совхоз жұмысшылары мен қызметшілері арасындағы мәдени-бұқаралық және саяси-тәрбие жұмыстарының жайы және республика кәсіподақтары ұйымдарының міндеттері туралы баяндамасын талқылады.

Совет кәсіподақтары өзінің жан-жақты жұмысымен еңбекшілерді Коммунистік партияның төңірегіне топтастыруға, оларды коммунистік рухта тәрбиелеуге тиіс. Бұл істе қалалағы және селодағы мәдени-бұқаралық жұмыс ең маңызды орын алады. Кәсіподақтардың міндеті—жұмысшылар мен қызметшілердің үздіксіз өсіп отырған мәдени тілектерін қанағаттандыру. Партия ұйымдарының басшылығымен кәсіподақ комитеттері еңбекшілерге идеялық саяси және жалпы білім дәрежелерін көтеруге көмектеседі.

Бұл міндетті орындау үшін Қазақстан кәсіподақтарының зор мүмкіншіліктері бар. Олардың қарамағында 560 клуб, мәдениет үйлері мен Сарайлары, 2700 қызыл мүйіс, мыңнан астам кітапхана, 464 киноустановка бар. Кәсіподақтарының кітапханаларындағы кітап екіжарым миллионнан асады. Төрт мың көркемөнер дарындыларының үйірмелері 85 мың жұмысшыны, қызметшіні және олардың семьясын мүшелерін біріктіреді.

Кәсіподақтардың көптеген мәдениет ошақтары мәдени-бұқаралық жұмыстардың шын мәніндегі орталығы болып алды. Мысалы, Ақмола станциясындағы темірші лер клубы жұмысты міне қалай іс ді. Үстіміздегі жылы мұнда әртүрлі лер бойынша 125 лекция оқылды. Ауыл шаруашылығын өркендетуде темір жол транспортының ролі туралы, тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға жүктерді жеткізуді тездету туралы оқылған лекцияларға көптеген адамдар қатысты. Тематикалық кештер жиі өткізіледі. Ағашшы жыл қыстаушылар үшін кеш өткізілді. Қысқы жағдайда тұңғыш рет жұмыс істейтін транспортшылармен таңдаулы өндірісшілер өзара тәжрибе алмасты. Оларға техникалық кинофильмдер көрсетілді. Ата-аналар, интеллигенция, кәсіподақ активтері, депоның механикалық цехының жаңашылдары, ауыр жүк тиелген поездарды жүргізудің мастерлері үшін өткізілген кештер, орта мектептер оқушыларының жас өндірісшілермен кездесулері, оқушылар үшін киносабақтар табысты өтті. Қазақтар үшін ана тілінде кештер өткізіледі. Клубта өндіріс озаттарының құрмет тақтасы, атақты теміржолшылардың сурет көрмесі, рационализаторлар мен өнер тапқыштардың таңдаулы ұсыныстарының көрмелері бар. Қабырға газеті және радиогазеті шығарылады. Көркемөнер дарындыларының үйірмелеріне көптеген жұмысшылар, қызметшілер және олардың семья мүшелері қатысады. Драма, хор және хореографиялық үйірмелер жұмыс істейді. Олардың күшімен 70 концерт берілген.

Ертістің мыс қорыту заводының, Петропавл және Алматы теміржолшыларының, Алматы темекі совхозының және басқаларының клубтарында мәдени-бұқаралық жұмыстар жақсы жолға қойылған.

Кәзір кәсіподақтарының селодағы мәдени-бұқаралық және саяси-тәрбие жұмыстарының ролі ерекше зор. Бұл жөнінде Ақмола облысындағы «Свободный» жаңа астық совхозы жұмысшылар комитетінің тәжрибесі үйренуге боларлықтай. Мұнда лекторлар тобы ұйымдастырылған, күн сайын қабырға газеті шығып тұрады. Қызыл мүйісте кәсіподақ белсенділерінен кезекшілер тұрады. Көркемөнер дарындыларының үйірмелері аудандық және облыстық байқауларға қатысты. Физкультура ұйымы жұмыс істейді.

Үстіміздегі жылы тың және тыңайған жерлерді игеретін МТС-тер мен совхоздарда 477 кітапхана және 79 киноустановка құрылды. Республика кәсіподақ ұйымдары жаңа совхоздарға 200 мың саяси және көркем әдебиет кітаптарын жіберді. Тың игеретін барлық трактор бригадалары мәдени құралдармен, газеттермен және журналдармен қамтамасыз етілді.

Алайда, Пленумға қатысушылар атап көрсеткеніндей, көптеген кәсіподақ ұйымдары мәдени-ағарту жұмыстарының тиісті дәрежеде болуын қамтамасыз ете алмайды, мәдениет мекемелерінің жұмысына дұрыс бағыт беріп отырмайды, жаратылыстану және саяси-ғылыми білімдерді насихаттауды жетілдіріп өрістетуге.

ССРО кәсіподақтарының XI съезінде Қарағандының кеншілер Сарайының жұмысы нашар екендігі атап көрсетілді. Содан бері жарты жыл өтті. Алайда клуб басқармасы өзінің жұмысын жақсартқан жоқ. Бұрынғысынша лекциялар өткізілмейді, үйірмелер жұмыс істемейді, өндіріспен байланыс жасалмайды. Ембінің мұнайшылары Орджоникидзе атындағы өздерінің мәдениет Сарайына риза емес. Республикалағы бұл ең ірі мәдениет ошақтарының бірі бұқаралық жұмыстары мүлде жүргізбейді деуге болады. Ленгер шахтерлерінің клубында да мәдениет- бұқаралық жұмыс бетімен жіберілген.

Көптеген кәсіподақ және мәдениет мекемелерінің жұмысы нашар болуы,—деп атап көрсетті баяндама бойынша жарыс сөзде сөйлегендер,—Қазақстан кәсіподақтары Советі президиумының, кәсіподақтарының облыстық Советінің, кәсіподақтардың республикалық және облыстық комитеттерінің мәдениетаағарту мекемелерінің жұмысына терең талдау жасамауының, таңдаулы мәдениет ошақтарының жұмыс тәжрибесін зерттеуінің және көпшілікке таратпауының, олардың жұмысындағы кемшіліктерді жоюға ұмтылмауының салдары болып саналады.

Пленум кәсіподақтарының еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіндегі ролін көтеруге, жұмысшылар мен қызметшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын негізінен жақсартуға бағытталған қаулы қабылдады. Кәсіподақ ұйымдарының мәдени-ағарту мекемелеріне жаңалық табушылардың жұмыс әдістерін үлемі насихаттап отыру, жұмысшылардың кәсіпорнында туып отырған барлық озат жаңалықтарды талқылау жөнінде жұмысшылардың инженер-техник қызметкерлерімен кездесулерін өткізу ұсынылды. Клубтардағы, кітапханалардағы, қызыл мүйістердегі көрнекі үгіт аса маңызды саяси оқиғаларды, елімездің шаруашылық міндеттерін және кәсіпорнының жұмыстарын бейнелеуге тиіс.

Селолық мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыс дәрежесін мейлінше көтеру, жаңадан қоныстанушыларды қамтуды жақсарту, тың жерлер игерілетін аудандарда жаңа совхоздар ұйымдастыруға белсене қатысу міндеті қойылды.

Кәсіподақ ұйымдарының міндеті—мәдениет мекемелерінің жұмысына жұмысшылар мен қызметшілердің қалың тобын қатыстырып отыру, клуб басқармаларының, қызыл мүйіс және кітапхана советтерінің бұл мекемелерге басшылық етудегі ролін көтеру, тегін лекцияларды және баяндамаларды, спектакльдерді, демалыс кештерін, кинофильмдер көрсетуді жиі өткізіп отыру. Клубтар мен кітапханаларды неғұрлым дайындығы бар қызметкерлермен нығайту, мәдени-ағарту қызметкерлері активінің үнемі семинарлар, курстар, нұсқау-кеңестер өткізіп отыру, сол арқылы олардың іскерлік мамандығын көтеру ұсынылды.

ларды Новосёлова, Рубанова, Байбикова, Шайхислямова жолдастарды қосуға болады.

Артель коллективі Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасына біркісідей үн қосты. Олар пайдаланылмай келген ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерін есептеп, толығынан іске қосты. Онымен бірге, жұмысшылар арасындағы социалистік жарысты бұдан былай да кеңінен өрістете отырып, бесінші бесжылдық жоспарын 1955 жылдың 1 декабрінде дейін аяқтап шығуды, оған дейін 15 миллион 500 мың сомның өнімін шығаруға міндеттенді. Бесжылдық жоспардан тыс 1200 сомның өнімін шығарып, еңбек өнімділігін 35 процент, ал өнімнің өзіндік құнын 13 процент кемітетін болды.

Артель коллективі 1955 жылдың жазында резинадан тігілетін аяқкиімдер шығаратын мастерской ашуды және жаз маусымында аяқкиімдер тігіп, жамайтын киоскелердің санын көбейтуді жоспарлады.

Бұл күндері артельдің етік тігуші барлық мастерлері және етік пішін дыярлаушылары өндірісте алған міндеттемелерін абыроймен орындап шығу жолындағы социалистік жарысты барған сайын кеңінен өрістете түсуде.

Е. ОСПАНОВ.

Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жарысы

Москва қаласының озат кәсіпорындарының бесінші бесжылдықты мерзім нен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасын Қарақоға станциясының теміржолшылары жаңа өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды.

Жақында станцияның барлық жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері түгел қатысқан өндіріс жиналысы болып өтті. Мұнда станция бастығы Полий жолдас халық шаруашылығына қажетті жүктерді тасу және жолаушылар поездарын алып жүрудегі қол жеткен табыстарды айта келіп, станция жұмысында кездесіп отырған кемшіліктерге баса тоқталды. Ол өзінің сөзінде:

—Станцияда елеулі олқылықта отырған участок—вагондарға жүк тиеу және келген жүктерді түсірудегі баяулық болып отыр. Мұның негізгі себебі: арнаулы жүк тиегіш механика күшінің жоқтығынан және кейбір жұмысшылардың өз міндеттеріне салақ, жауапсыз қараушынан болды. Біз оған дәлел ретінде үстіміздегі жылдың өзінде таразышы Черноок жолдастың жұмыста 50 ақау, ал Жекин жолдастың 80 ақау жібергенін айтсақта жеткілікті, —деді ол.

Бөлімше бригадирлері Сасин және Остапенко жолдастар станция партия ұйымының бүгінгі таңдағы тілекке сай жұмыс істей алмай отырғандығын батыл сынға алды. Сасин жолдас станцияда социалистік жарыстың кең өрістетілмей келгендігін айта келіп, бұған станция партия ұйымының секретары Черноок жолдас тікелей жауапты деді. Өйткені, ол социалистік жарыс қорытындысын уақытында шығармады, жұмыстың барысына бақылау жасамады.

Станция коллективі халық шаруашылық жүктерін тасымалдау және жолаушылар поездарын алып жүрудегі кемшіліктерді дереу жоюға бағытталған қарар қабылдады. Онымен бірге, отандық жаңа техника мен озат технологияны, өндірісті комплексті механикаландыру, соның ішінде аралық және көмекші процестерді механикаландыру әдісін қажырлылықпен енгізу, өндірісті және жұмысшылардың еңбегін жақсы ұйымдастырып, социалистік жарысты өрістететін болды.

Қарақоға станциясының барлық коллективі ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу үшін мынадай міндеттер алды: Вагондардың бос тұруын кездестірмей, оларға жүк тиеудегі еңбек өнімділігін 10 процент, жүк түсіруді 25 процент арттырады. Околодкаларда еңбек өнімділігін 138 процент арттырып, 1955 жылдың июнь айына дейін темір жол участогінің 6 километр жерін күрделі жөндеуден, 8 километр жерін көтеріп жөндеуден өткізеді. Сонымен бірге, қысқы жөндеу жұмысын 1955 жылдың 15 мартына, ал жазғы жөндеу маусымын 1955 жылдың май айына дейін аяқтап шығуға міндеттенді.

Н. БАЗАРБАЕВА.

Озат тәжрибенің мол қазынасы

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде сіз нені көрдіңіз, қандай тәжрибе алдыңыз, өз шаруашылықтарыңызда қандай жаңалықтарды қолданбақшысыз?

ҚазТАГ-тың тілшілері көрмеге қатысушылар мен экскурсияшылардың бірқатарына осындай сұрақ қойды.

Механизаторлардың еңбегін ұйымдастырудағы жаңалық

—Облысымыздың алғашқы экскурсияшыларымен бірге, —деп хабарлады тілшіге Павлодар облысындағы Чернорецк МТС-нің бас агрономы А. М. Югай,—мен көрменің ғажап павильондарын аралап көрп, жаңашылдардың тәжрибесін, ғылымның табыстарын зерттеп, үйрендім Көрме мен үшін өте тамаша мектеп болды Өсресе еліміздің таңдаулы МТС-терінің еңбек ұйымдастыру әдісімен, атап айтқанда, комбайндарды топтастырып жұмыс істеу әдісімен ерекше зейін қойып, жете таныстым. Біз бұл әдісті естіп білгеннен кейін оны тың жерде егін жыйнау кезінде қолдануға әзірленіп жатқан едік. Бірақ бізге бірқатар мәселелер айқын болмады Ал біздің «Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру» павильонында болуымыз бұл мәселені анықтауға көмектесті.

Үйге қайтып келгеннен кейін мен барлық бригадаларда болып, егін жыйнаудың прогрестік әдістерін егжей-тегжейіне жеткізе толық айтып бердім. Озат тәжрибені іле-шала қолдана бастадық. Әрбір егін танабындағы астықтың шығымдылығына қарап, комбайн қанша метр жер өткеннен кейін оның бункерінде астық толатынын күн ілгері есептеп шығардық. Осы бункер толған жердің егінін көлденеңінен орып жол салдық. Бұл жерде бункердегі астық автомашинаға тиеліп, бұл машина егін арасынан салынған жолмен келесі комбайнға баратын болды. Осының нәтижесінде жұмыс уақыты көп үнемделді.

Еңбекті жаңаша ұйымдастыру әсіресе тарыны орған кезде ерекше әсер ін тигізді. Біздің станцияның қамтуындағы барлық колхоздарда көлемі 8. 600 гектар тары егісі түгелімен бір мезгілде дерлік пісін кетіді. Тарының өнімі өте мол болды. Мысалы, Павлодар ауданының Карл Маркс атындағы ауылшаруашылық артелінде 222 гектар тары егісін тұтас алғанда әр гектардан 210 путтан өнім жыйналды. Мұндай бітік өскен тарыны тез және ысырапсыз жыйнап алу оңай емес. Бірақ, ең алдымен, комбайн агрегаттарының жұмысын топтық әдіспен тыңғылықты ұйымдастыру бұл істің табысты болуын қамтамасыз етті.

Біздің егін даламызда айналманың ұзындығы, әдетте, 3. 500—4. 000 метрге жетеді. Мұндай жағдайда трактор мен комбайн агрегаттарын қамту жұмысының қыйындай түсетіні практикадан айқын көрінді. Шынында да: бір трактор егін танабының бір шетінде жүргенде, екінші трактор басқа жақта—төрт километрдей жерде жүреді. Айналманың ұзындығын шамамен 2. 000 метр жасайтын озат МТС-тың жерлеріне шығарып салған кезде,—деді Ақмола облысындағы Красногвардейск совхозының тракторшысы П. Куземко,—біз көп ұзамай Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде кездесетін болайық деп бір-бірімізге уәде берген едік. Ал осы көрменің ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру павильонының алдында өзімнің жерлестерім—киевтіктерді көрген мде, менің жүрегімді кернеген қуанышты айтып жеткізу қыйын Олар мені қоршап алып, сұрақты түс-түсіне жауыртты, біздің істеп жатқан жұмысымызды, жаңа қоныстанушылардың тұрмыс жайын сұрастырды.

Біздің совхоз Москваның Красногвардейск ауданынан келіп, жаңа жерге қоныстанған комсомолецтердің құрметіне Красногвардейск совхозы деп аталды. Мен Полтаваның тәжрибелі механизаторы Иван Степанович Якубаның алтыншы трактор егіс бригадасында істеймін. Біздің коллективтің тың көтеру жоспарын совхозда бірінші болып орындадық. Тапсырмадан тыс бір мың гектар жаңа жер жырттық. Менің өзім «ДТ—54» тракторымен 500 гектардан аса тың көтеріп, бұл жерді дискіледім, бір мың гектар жыртылған жерді тырмалап, ықтырма дақылдар сеуіп, кейіннен бұл егісті баптап шықтым. Үш айдың ішінде менің машинамның атқарған жалпы жұмысы 1. 100 гектарға жетті. Шаламның келгеніншe істеген менің аздығынан еңбегім жоғары бағаланды: мен өзімнің жаңа ғана құрылған Красногвардейск совхозының коллективінен бірінші болып Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу құрметіне ие болдым.

Көрмеде мен бәрінен де гөрі еліміздің озат механизаторларының тәжрибесіне көбірек ынта қойдым, Иван Бунеевтің, Иван Шацкийдің, Прасковья Ангелинаның даңқы шыққан бригаделарындағы тракторшылардың еңбек әдістері жайында жазып алғандарым бірнеше блокнот болды Бұлардың жұмыс практикасы біздің қарамағымызда орасан зор резервтер бар екенін көрсетеді.

Көрме менің орта тәулік есебімен алғанда еңбектің жоғары өнімділігіне жету жолдарының неде екенін егжей-тегжейіне жете білуіме, машиналарды техникалық жағынан дұрыс пайдаланудың сыналған тәсілдерін зерттеп үйренуіме көмектесті. Турасын айтайыншы: біздің уақытты бағалай білмейтініміздің салдарынан әлі де көп нәрседен ұтылып жүргенімізді мен осы көрмеде ғана түсіндім. Алдағы көктемде егіс жұмысында біз машиналардың шаңшаңдық тетігін шеберлікпен басқарып, неғұрлым толық егіс агрегаттарын топтастыра бастаймыз. Шынында, озат тракторшылар тілті шаңшаңдық тетіктерін кезегімен ауыстырып отырудың өзінен де уақыт үнемдейді екен. Тосыннан қарағанда, бұл болмашы ғана ұсақ-түйек сыяқты көрінеді, ал шындығында істің жайы мүлде басқаша.

Мен жұмыс уақытын үнемдеу және еңбектің озат тәсілдерін қолдану есебінен өз машинамның жұмыс өнімділігін 15 процент арттыруды ұйғардым. Көрмеде колхозының овощь өсіретін екінші бригадасының бригадирі Г. Сыпченко.—Мысалға картопты алайық. Біз бүкіл егіс көлемінде орта есеппен әр гектардан 165 центнерден картоп жыйнадық. Біздің жер жағдайымызда бұл жақсы өнім болып табылады.

Бірақ біз қол жеткен табыска қанағаттанып отырмаймыз. Быйылғы жылы шаршы-ұялы әдіспен отырғызылған картоп егісін ұлғайтып, оның агротехникасын жақсарттық. Картоптың шығымдылығы едәуір артты. Бригадаға бекітілген 18 гектар картоп егісінің әр гектарынан орта есеппен 251 центнерден картоп алдық. Овощь та жақсы өсті. Ерте пісетін капустаның әр гектарынан 70 центнерден өнім алынды, 8,3 гектар қыяр егісінен жалпы алғанда 265 тонна өнім жыйнадық. Сегіз гектарлық участоктен 272 тонна помидор алдық.

Біздің артеліміз—үлкен, көп салалы шаруашылық. Овощь пен картоп егісі оның көп миллиондаған табысының негізгі көздерінің бірі болып табылады. Быйыл колхоз овощьтың өзінен ғана миллион сомнан аса табыс алды. Соның ішінде 620 мың сомы біздің бригаданың табысы, ал мұның өзі өткен жылғыдан анағұрлым артық.

Біздің жұмыстың нәтижесі, әрине, жаман емес. Біздің жұмысымызға елжім де кіно таға алмайды. Бірақ ғасыр бойы жасасаң —ғасыр бойы ұйрен дейтін халық мақалы бар. Ал барлық ауылшаруашылық дақылдарынан, соның ішінде овощьтан да кәзіргіден анағұрлым мол өнім алудың орасан зор резервтері біздің колхозда да бар екенін көрме айқын көрсетіп берді. Біз Москвадан колхозға қайтқанда бұрынғыдан да гөрі қажырлы еңбек етуге ұмтылып берік серпіпен қайттық. Еліміздің үздік шаруашылықтарының тәжрибесін пайдалана отырып, біз Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне тағы да қатысып, құрметті абыройға ие болуға ұмтыламыз.

Овощь өсіруші таңдаулылардың табыстарын қорытып, өндіріске енгізуде Алматының овощь-картоп тәжрибе станциясының ғылми қызметкерлері бізге көмектеседі деп үміттенемін. Біздің олармен көптен бері байланысымыз бар.

—Ауылшаруашылық көрмесінде болуымыз,—дейді тәжрибе станциясының директоры, ауылшаруашылық ғылымының кандидаты П. Эренбург,—бізге, ғалымдарға да жаңа ойлар салып, жаңа жоспарлар тудырды.

Быйылғы жылы шаршы-ұялы әдіспен отырғызылған картоп егісінің көлемі Алматы облысының колхоздарында 3,3 есе артты. Бірақ картоп өсірудің бұл прогрестік әдісін қолдану мүмкіндіктері әлі де толық пайдаланылған жоқ. Бұл әдістің соншалық өнімді екенін көрмеге көптеген қатысушылардың тәжрибесі көз жеткізе айқын көрсетіп берді. Мысалға Москва маңындағы ауылшаруашылық артельдерін алайық. Міне Можайск ауданындағы «Бородино»

Петропавл станциясында стрелочник болып істейтін Т. Семиняк жолдас поездарды мұлтіксіз қабылдап, жөнелту жұмысын ойдағыдай қамтамасыз етеді. СУРЕТТЕ: **Т. Семиняк** жолдас кезекті поезды жөнелтіп тұр.

Суретті түсірген **И. Пасечный.**

СПОРТШЫ СТУДЕНТТЕР ТЫҢ ЖЕРЛЕРДЕ

Жақында облысымызға Қазақтың мемлекеттік физкультура институты төртінші курсының 15 студенті келді. Олардың ішінде республикамыздың таңдаулы шаңғышылары, штангашылары, боксшылары бар. Студенттер институттың оқытушылары ССРО спорт мастері А. Ершов және А. Яшкичев жолдастардың басқаруымен облысымыздың спорт коллективтерінде ұйымдастыру жұмыстары бойынша тәжрибеден өтеді. Спортшылардың көпшілігі тың жерлерде ұйымдастырылған жаңа совхоздарға баруға тілек білдірді. Студенттер жаңа совхоздарда физкультура коллективтерін құруға көмектеседі, қоғамдық нұсқаушылар дайындайтын семинарлар өткізеді, еңбекшілер арасында физкультура мен спортты кең насихаттау мақсатымен лекциялар оқиды.

Студенттер қаланың спорт коллективтеріне де көп көмек көрсетпек. Республикамыздың таңдаулы боксшыларының бірі, бірінші жеңіл салмақтылар ішіндегі республика чемпионы Вячеслав Шафранов жолдас кала боксшыларының жатты ғуларын өткізеді. Сол сыяқты, спорттың барлық түрлері бойынша тренерлердің семинарлары ұйымдастырылады. Бұл жұмыстар физкультураның жоғары білімді болашақ кадрларының өз мамандықтарын жете меңгеруіне көп көмек болмақ.

С. ӘЛІМОВ.

МЕХАНИЗАТОРЛАР АСХАНАСЫ

Тың жерлер ауданындағы мектептерге көп көңіл бөлінсін

Тың және тыңайған жерлерді игерудің кең программасы жүзеге асырылып жатқан Қазақстанның солтүстік облыстарының мектептері жүйесінде үстіміздегі жылы үлкен өзгерістер болды.

Бұрын болмаған қысқа мерзімде қуаз-ыған далалардың ортасынан, елді пункттер мен темір жолдардан алыста жаңа совхоздар пайда болды. Үстіміздегі жылдың көктемі мен жазында республиканың Қостанай, Ақмола, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында жаңа совхоздар поселкелері осып жетілді. Тұрғын үйлермен бір мезгілде мұнда клуб, магазин, аурухана, асхана үйлері салынуда.

Айырықша қамқорлыққа алынатын—балалар. Олар үшін балалар яслиі, бақшалары, мектептер ашылуда. Мұнда мектеп жасындағы балалар саны әлі көп емес. Республиканың тың жерлерінде 16 жетіжылдық және 65 бастауыш мектеп ашылды.

Жаңадан қоныстанғандардың балалары оқу үшін қажетті жағдай жасау —хөмлекеттік үлкен маңызы бар іс. Сондықтан Қазақстан Оқу министрлігінің қызметкерлері, облыстық оқу бөлімдерінің инспекторлары жаздың орта кезінде-ақ солтүстік облыстардың барлық аудандарына дерлік болды. Олар жағдаймен танысты, оқуға тиісті балалардың есебін жүргізді, әрбір совхоз үшін мектептің типін, оған жабдықтардың, оқулықтардың, көрнекі құралдардың қанша қажет екенін анықтады.

Оқытушы кадрларды іріктеп алуға ерекше назар аудару талап етілді. Жүздеген оқытушы- патриоттар тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарда жұмыс істеуге тілек білдірді. Жаңа поселкелердегі мектептерде көзір біздің республикамызға әртүрлі аудандардан, Россия Федерациясының орталық облыстарынан, Украинадан, Белоруссиядан келген, мол педагогтік тәжрибесі бар оқытушылар көп.

Мәселен, ширек ғасыр дерлік педагогтік жұмыста істейтін Павлодар облысындағы Куйбышев атындағы совхоздың бастауыш мектебінің меңгерушісі А. Махоренко жаңадан қоныстанушылар арасында заңды құрметке бөленуді. Ол мектепке көмекке бүкіл совхоз жұртшылығын тартты. Мұндағы жастар екі класы және пионер комнатасы бар үй салды.

Жаңа мектепте үлгілі тәртіп және жыйнақтық жасай білген мұғалима М Светликованың есімін Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл атындағы совхозындағылар шын жүректен айтады. Ақмола облысындағы «Мариновский» совхозы бастауыш мектебінің оқытушысы москвалық Антонова тапсырылған істе толық жауапкершілікпен еңбек етуде.

Халық ағарту орындарына бірінші рет қысқа уақытта көпшілеген жаңа мектептер

Жергілікті Советтер, шаруашылық ұйымдарын басшылары мектептерге күнбе-күн көңіл бөлген жерде, жаңа қоныстанушылардың балалары қолайлы жағдайда оқуда. Бірақ жаңа мектептер құру сыяқты жаңды істі бәтімен жіберген жағдайлар да болды.

Көкшетау облысындағы Рузаев ауданының басшы қызметкерлеріне елеулі кінә тағу орынды. Атқом және Матюшенко жолдас басқарған аудандық оқу бөлімі жаңа совхоздардың мектептерінің оқу жылына кезінде әзірленуін қамтамасыз етпеді. Ақмола облыстық оқу бөлімінің қызметкерлері жеткілікті тыянақтылықпен оперативтілік көрсете алмады. Мұнда бірқатар совхоздарда сабақ салынып бітпеген үйлерде басталды, ал «Подвижный» совхозында жетіжылдық мектеп өзінің алғашқы оқу жылын палаткада бастады...

Сол сыяқты жаңа мектептерді оқулықтармен жабдықтаудағы кемшіліктерді де айтпай кетуге болмайды. Бірқатар облыстардың сауда ұйымтары бұл маңызды іске тиісті назар аудармады, ал кей ретте мүлде жауапсыз карады. Халық ағарту бөлімдері бірқатар жағдайларда аудандық тұтынушылар одағына сенді. Соның салдарынан көптеген оқулықтар мектепке жетіспеуі қалды. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Интернациональный» совхозында бірінші кластағылар әлішесіз қалды, солан оқытушының өзіне оқулық іздеп табуға тура келді.

Жетіжылдық және орта мектептерден алыс тұратын совхоз қызметкерлерінің балалары үшін интернаттар ұйымдастыру бізде барлық жерде бірдей сәтті болып отырған жоқ. Республикада интернатты мектептер жұмысынан бай тәжрибе болып отырғанда, бұл тілті жол бермейтін жағдай. Олар, мәселен, мал шаруашылығымен айналысатын колхозшылардың балалары үшін кәдуілгі іс болып кетті.

Совхоздардағы жаңа мектептердің барлығында бірдей отын қоры жеткілікті емес. Қатты қыс және темір жолдан алыс тұру жағдайында бұл мәселе маңыз алып, дереу шешуді талап етіп отыр. Жаңа мектептердің оқытушыларының тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін де көп жұмыстар істеу керек.

Қазақстанның тың жерлерінде алғашқы мектептер салынды. Игерілетін жерлердің көлемін онан әрі ұлғайту міндеті тұрғаны белгілі. Совхоздарда жаңа жетіжылдық және орта мектептер ашу талап етіледі. Енді совхоз поселкелерінің мектептері бірпәтерлі және екіпәтерлі үйлерге орналасуда, келер жылы барлық жерлерде әр қайсысында 280 орын бар үлгілі үйлер салу міндеті тұр.

Жаңа мектептер құрудың алғашқы тәжрибесі, быйылғы жылдың көпшілік-

даланып жүргенін мен көрмеде айқын көрдім. Міне бұл жаңалықты біз жаңа жерлерді онан әрі игерген кезде өзімізде пайдалануға ұйғардық.

Алдымызда әлі де көп жұмыстар тұр. Биыл МТС өзінің қамтуындағы колхоздарда 31. 500 гектар, яғни жоспардан 5. 000 гектар артық тын және тыңайған жер көтерді. Алдағы жылы да осындай көлемде дерлік жер жыртамыз. Жыртылатын жер кәзірдің өзінде іріктеліп алынды. Кәктемде егістік жерді таңаптарға жаңа әдіспен бөліп, бригадалардың қостарын орналастырғанда — механизаторлар мен колхозшылардың мол өнімді еңбек етуіне қажетті жағдайдың бәрі жасалатындай етіп орналастырамыз.

Көрмеде мен Курган облысындағы «Заветы Ленина» колхозының стендісімен мейлінше жете таныстым. Колхоз қалымы Т. С. Мальцевтің системасын кәзір өндіріске енгізіп жатырмыз. 13 трактор бригаласының бәрі зябьті қайырмасыз плугпен 35 сантиметр терең жырытты.

Біздің сортты тұқым егісімен мықтап жұмылдануымызға тура келіп отыр. Бұл бағытта жүргізілуге болатын бірқатар шараларды біз көрмеден көріп қайттық, ал осындай аса маңызды шаралардың бірі—сортты тұқым егісінің арамшөптерін отау болып табылады. Алдағы жылы бұл жұмысты әуелі шағын участоктерде ғана жүргізе бастаймыз, сөйтіп, ілгері уақытта бүкіл егіс көлемінде бірыңғай сортты тұқымдар өнуге көшетін боламыз.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі МТС-тің ұстасы Василий Ивановка да, трактор бригадасы бригадирінің көмекшісі Варвара Сироткинаға да,біздің МТС-тен барған басқа экскурсияшыларға да, көрмеге қатысқан комбайншы Константин Блацка да өте көп тәжрибе берді. Біздің бәріміз көрмеден үйреніп қайтқан баға жетпес бұл тәжрибе—колхоздардың қоғамдық шаруашылығын өркендетуде жаңа дабыстарға жетудің кепілі.

Жаңашылдардан үлгі аламыз

—Киев облысының Великополовецк МТС-індегі достарым мені Қазақстанның жоғар жаршрут жасауды үйрендім. Мұның өзі машинаның бір жерден екінші жерге бос жүрісін азайтуды қамтамасыз етеді. Біздің бригадамызда машиналардың запас бөлшектері мен тораптарының ауыспалы қорлары осы уақытқа дейін жасалмай келді. Сондықтан машинаны тексеріп, тазарту (профилактика), техникалық жағынан күту жұмыстары көп жағдайда ұзаққа созылатын еді. Көрмеде пікір алысу бұл шаралардың жоғары еңбек өнімділігіне жету үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Көрмеде мен бірнеше мамандығы бар көптеген механизаторлармен әңгімелестім. Осыдан кейін бүкіл жыл тәулігі бойы өндіріске белсене қатысатын болу үшін мен де бірнеше мамандықты менгеруді ұйғардым. Биылғы қыста комбайнда жұмыс істеуді үйренемін, сөйтіп келесі егіс жыйнау маусымының өзінде оның штурвалын басқарамын деген ойым бар.

Мен әнді дақылдар өсірудің озат агротехникасымен мейлінше жете танысып, агроном Т. С. Мальцев ұсынған топырақ өңдеу системасының егжей-тегжейіне қанық болдым, колхоз қалымы қолданып отырған топырақ өңдеу құралдарын зерттеп білдім. Өзіміздің совхозға қайтып келгеннен кейін өз шкірімді жолдастарымға толық айтып бердім, сөйтіп, біз кең көлемді өндірістік тәжрибе жасау—бір мың гектар парды Т. С. Мальцевтың әдісімен өңдеп, баптау шараларын белгіледік.

Москвада мен көптеген украиндық жерлестерімізді бізге, жаңа жерлерге келіндер деп шақырдым. Қоштасқан кезде біз:

—Көп ұзамай тың жерлерде кездесейік! —деп, бір-бірімізге тілек білдірдік.

Еліміздің овощь өсірушілерінің озаттары ың тәжрибесін пайдаланайық

—Біздің овощь өсірушілеріміз өткен жылы жұмысты жаман істеген жоқ, — дейді Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан Алматы облысындағы Алматы ауданының Мичурин атындағы отырғызылған картоп егісінің өнімі гектарына орта есеппен 444 центнерден, ал қатарлы әдіспен егілген жерде—363 центнерден келген; Бронницк ауданындағы «Борец» колхозында тиісінше—245 және 204 центнер болған. Соның өзінде еңбек мейлінше көп үнемделген. Мұны Раменск ауданының көрмеде кеңінен көрсетілген «Вперед к коммунизму» ауылшаруашылық артелінің мысалынан байқауға болады. Бұл колхозда картопты қатарлы әдіспен отырғызуға адам еңбегі шаршы-уялап отырғызудан гөрі 8 есе артық жұмсалған. Ал картоп егісін баптау жұмысына жұмсалған еңбектің айырмасы бұдан анағұрлым зор—37 есе дерлік болған! Колхоз картопты шаршы-уялап отырғызғанда бір адамдық күнге орта есеппен 23 центнерден, ал әдеттегі қатарлы әдіспен отырғызғанда небары бір жарым центнерден ғана картоп алған. Шаршы-уялап отырғызу әдісі картоп егісін культиваторлау, түптеу, жыйнау жұмыстарын жүргізуде де еңбекті үнемдеуге мүмкіндік берген.

Картопты яровизациялау әдісінің пайдалы екені жалпыға мәлім. Бірақ бұған қажетті үйлер болмауы себепті, осы агротехникалық тәсіл көп жағдайда жете бағаланбай келеді. Липецк облысындағы «Полибино» совхозының картоп өсірушілері картопты ашық алаңда яровизациялаудың өте ыңғайлы және барлық жерге қолдануға болатын әдісін көрмеде көрсетіп берді. Бұл әдіс, күмән жоқ, біздің колхоздарымызда да кеңінен қолданылатын болады.

Біздің Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінен алып қайтқан өте маңызды және пайдалы тәжрибемізді айтып жеткізу қиын. Бұл озат тәсілдерді колхоз өндірісіне енгізуге көмектесу үшін күшімізді аямай жұмсаймыз. Көрмеге қатысушыларға социалистік ауылшаруашылық алдыңғы қатарлы практиктерінде бізге тәжрибе үйретіп, практикалық білім бергені үшін зор алғыс айтамыз.

Бетон блоктерін шығаратын завод

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Мұнда ірі бетон және шлак-бетон блоктерін жасайтын завод іске қосылды. Кәсіпорын бір тәулікте қабырғаға қаланатын 40 текше метр материал шығарады. Ең үлкен блок салмағы 500 килограмға дейін жететін тік үш бұрыш түрінде шығарылады. Блоктың салмағын жеңілдету және материалдар үнемдеу мақсатымен оның іші цилиндр тәріздес қуыс етіліп жасалған.

Кәзір салынып жатқан 3.200 тонна астық сыятын қойманың құрылысына небәрі 1.037 ірі блок қолданылатын болады.

Бетон блоктерін шығаратын заводтар Тобыл станциясында және № 63 разъезде салынып жатыр.

Ертіс даласына егілген жүгері

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Облыстың колхоз, совхоздары биыл жемшөптік дақыл ретінде бірінші рет жүгері екті. Ол малға арнап сүрлем жасауға және донін ұнтап жармалап беруге қолданылады. Бұрын Ертіс бойына жүгері өгуге болмайды, одан сүрлем жасап, дән алынбайды деп келінген болатын. Кәзір алдыңғы қатарлы шаруашылықтарымыз бұл пікірдің тұрыс емес екендігін әлелдеп шықты. Чернорецк совхозында бұл дақыл егіліп, 55 центнерден түсім алынды.

Максим Горький ауданының Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары 10 мың центнердей жүгеріні сүрледі. Максим Горький МТС-інің агрономы Кулакованың басшылығымен олар культивацияланған зябьке шаршы-уялау әдісімен жүгері екті. Гектар басына 12 килограмнан тұқым себілгін, бір ұя мен екінші ұяның арасы 70 сантиметрден белгіленді. Мұнда жаз айларында екі рет культивация жүргізілді. Жүгері биіктігі 2 метрдей болып өсті, гектарынан 500 центнер жасыл сабақ алынды.

Жүгерінің жасыл сабағын жыйнауда Максим Горький ауданының «Новый путь» колхозы, Цюрупа ауданының «Победа», «Искра» колхоздары, Песчанск совхозы, Павлодар ауданының колхоздары бірсыпыра жетістіктерге ие болды.

Колхоз, совхоздар келесі жылы егіс көлемін ұлғайту мақсатымен жүгерінің бірінші түсімінен тұқым қорын құйды. Кәзір жүгері өгуге бөлінген зябь пен парға қар тоқтату басталды.

селолық тұтынушылар одағы (председателі Келдіғұлов жолдас) Торанғұл машина-трактор станциясының механизаторлары мен қызметкерлері үшін жаңадан асхана үйін салды. Асхана үйінде кухня, буфет және үлкен зал бар. Механизаторлар тамақтанатын зал столдармен, орындықтармен қажетті мөлшерде қамтамасыз етілген.

Бұрын мұнда асхана болмайтын. Осы себепті механизаторлар үзіліс аралығында үйлеріне барып, жолда біраз уақытын алатын. Кәзір олардың қай кезде болсын асханаға келіп, тамақтануына қолайлы жағдай туғызылды. Механизаторлардың дені асханадан тамақтанады.

Жаңа асханада тағамдардың бірнеше түрлері бар. Олар өте дәмді болып әзірленеді. Асхана қызметкерлері Александра Булгакова, Мария Кирсанова, Нина Бочерова жолдастар өздерінің жұмыстарына үлкен ұқыптылықпен қарап, механизаторларды тез қамтуды қамтамасыз етуде.

Асхана қызметкерлері механизаторлар мен қызметкерлерді қоғамдық тамақпен қамтуды анағұрлым жақсартып, олардың күн сайын өсіп отырған өскелең тілегіне сай, игілікті жұмыс істей бермек.

В. КУЦ.

АТА-АНАЛАР ҮШІН

Совет ауданындағы Аралағаш жетікылдық мектебінде ата- аналар кешіні өткізілін тұрады. Бұл кештерде мектеп оқытушылары әртүрлі тақырыптарға баяндамалар жасап, лекция оқыйды. Мәселен, жақында болып өткен кеште мектеп директоры М. Қасенов жолдас «Балаларды үйде тәрбиелеудің жолдары» деген тақырыпта баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында кейбір ата- аналардың бала тәрбиелеудегі үлгілі істеріне тоқталып, бұл маңызды мәселеге көңіл бөлмей отырған ата -аналардың кателіктері туралы айтты. Сол сыяқты кеште оқытушы А. Беккожин жолдас «Діни соқыр сенімдердің зияны және оған қарсы күрес» деген тақырыпта лекция оқыды. Баяндама мен лекцияны ата- аналар зор ынтамен тыңдады. Кештің соңында мектеп оқушылары концерт берді.

О. ҒАБДУЛЛИН.

Колхоз байлығы артуда

Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелі Октябрь ауданындағы ірі шаруашылықты колхоздардың бірінен саналады. Колхоз жыл сайын шаруашылықтың барлық түрлерінен жақсы табыстарға ие болып келеді. Соның нәтижесінде колхозшылардың мәдени, тұрмыс дәрежесі де жақсаруда.

Колхоз соңғы екі жылдың ішінде екі жүк машинасын, бір «Победа» жеңіл машинасын және екі движок сатып алды. Үстіміздегі жылы 250 точкалық радиостанция және электр станциясы сатып алынды. Кәзір колхозшылардың барлық үйлерін радиоландыру аяқталған. Жақында колхозшылардың үйлерінде Ильич шамдары жарқырайтын болады.

Ж. СЕЙІТБЕКОВ,
Қ. ҚАЗИҚАНОВ.

Бұл істе республиканың қалалары баға жетпес көмек көрсетті. Алматының, Қарағандының, Өскеменнің, Петропавлдың және басқа қалалардың көпдеген мектептері жаңа жерлерге кітапханалар, оқу құралдарын және физикалық кабинеттер үшін приборлар, оқытушылар үшін методикалық әдебиеттер жіберді. Ақмола облысының Есіл ауданының мектептері өз ауданының жаңа мектептерін қамқорлыққа алып және жас педагогтерге методикалық көмек көрсетуде.

тия мен үкметтің шақыруы бойынша ұшы- қыйырсыз тың және тыңайған жерлер алқабын көтеруге және игеруге келген балаларды оқытып, тәрбиелеудегі өзінің міндетін орындауға комектеседі.

В. ПИВЕНЬ,
Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары.
Алматы қаласы.
(«Известия», 10 декабрь).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Міндетіне жауапсыз қарағаан сатушы

Ново- Михайловка селолық тұтынушылар қоғамының (Приешім ауданы) «Талапкер» колхозындағы дүкені колхозшыларды күнбе- күнгі тұрмыска қажетті товарлармен тыңғылықты қамтый алмай келеді. Дүкен сатушысы Ш. Балтабаева жолдас өзіне жүктелген міндетті дұрыс атқару былай тұрсын, тіпті дүкенге босатылған товарларды селолық тұтынушылар қоғамынан уақытында барып алмайды. Сондықтан көп уақытта сіренке, туз, сабын сыяқты күнбе -күнгі тұрмыска қажетті заттардың өзі де айлар бойына дүкенде болмай қалады. Бұл товарларды алу үшін колхозшылар 20 километр жердегі магазинге баруға мәжбүр болып жүр.

Селолық тұтынушылар қоғамының басшылары тарапынан колхоз дүкенінің жұмысына бақылау жасалмайды. Мұны пайдаланған дүкен сатушысы келген товарларды тамыр-таныстарына жасырып сату сыяқты советтік сауда принципін бұрмалау жолына түскен.

Дүкеннің іші қаранғы, ешқандай тазалық жоқ. Ол көп реттерде жабық жатады. Товар керек болған колхозшылар сатушыны үйіне іздеп барып ашқызбаса, Балтабаева жолдас «дүкенде ешқандай товар жоқ» деп, өздігінен барып дүкенді уақытында ашуға да ерінеді.

Т. ҚАДІРОВ.

Кітапхананың мұқтажы

Октябрь ауданының Ленин атындағы колхозындағы кітапхананың кітап қорында 3 мыннан астам әртүрлі әдебиеттер бар. Кітап оқушылар саны да күн сайын көбейіп келеді. Бірақ кітапхананың кітап оқушылардың өсіп келе жатқан мәдени тілектерін үлгілі түрде қамтамасыз етуге мүмкіншілігі болмай отыр. Кітапхана бір ғана тар бөлмеге орналасқан, оқу залы жоқ. Сонымен қатар осы бөлмеде колхоздың радиоторабы жұмыс істейді. Мұның барлығы колхозшылар арасында кітап оқушылар конференцияларын ұйымдастырып, тағы басқа да жұмыстар жүргізуге кедергі келтіруде. Соған қарамастан колхоз басқармасы мен ауылдық Совет кітапханаға жақсы жағдай туғызуға көңіл бөлмей келеді. Алдағы уақытта бұл дерек қолға алуды керек ететін іс.

Б. ЖАПАРОВ,
Кітапхана меңгерушісі.

ЖАРИЯЛАНБАҒАН ХАТТЫҢ ДЕРЕГІ

„Епті айырбас“

Газетте жарияланбаған осы тақырыптағы тілші хатында Приешім ауданындағы «Талапкер» колхозының нан пісірушілері А. Анабаева мен К. Омарованың колхоздан нан пісіру үшін берілген ақ ұнға өздерінің үйлерінен қара ұн әкеліп айырбастап алғандығы, көп ұнды расуа еткені, нанды сапасыз пісіретіндігі айтылған-ды. Сол сыяқты хатта колхоз кілтшісі Б. Ташмаковтың қоймадағы азық -түліктерді таза ұстамайтындығы да атап көрсетілген.

«Талапкер» колхозының председателі Х. Нұрмолдин жолдас жарияланбаған тілші хаты бойынша жүргізілген тексеріс-тің нәтижесі жөнінде бізге мынаны хабарлады:

«Епті айырбас» деген тақырыпмен редакцияға түскен, газетке жарияланбай тексеріске жіберілген тілші хатында көрсетілген фактілер толық анықталды. Колхоз басқармасы нан пісіруші А. Анабаева мен Қ. Омарованы өздеріне жүктелген жұмысқа жауапсыз қарағаны үшін жұмыстан босатып, росуа болған ұнды олардан өндіріп алуды ұйғарды.

Сол сыяқты азық-түліктердің таза ұсталуын қамтамасыз ете алмағаны үшін Б. Ташмаков колхоз кілтшісі міндетінен босатылды.

Мамлют ауданының мәдени-ағарту мекемелеріндегі елеулі кемшіліктер

Станковое селосының (Каганович атындағы колхоз) тұрғындары таранды́ктардың шаңыруын қызу қуаттады, олар өздерінің клубын жақсылап жөндеп, қыска жеткіліктi отынмен қамтамасыз етті. Клубта баян, шекті музыка аспаптары, биллиард, кітапхана бар. Жетіжылдық мектептің директоры Могилянская жолдас басқаратын лекторий де өзінің жұмысын жақсарта түсті. Клубта ғылми-жаратылыс тану және қоғамдық-саяси тақырыптардағы лекциялар үзбей оқылып тұрады. Лекторийдің жұмысына мұғалима Сафонова, агроном Мухина, тағы басқа село интеллигентері белсене қатысады. Жуырда мұнда «Алкоголь—ескінің зиянды қалдығы» деген тақырыпта лекция оқылды.

Клуб қызметкерлері (меңгерушісі В.Ф. Елисеев жолдас, колхоз активтерімен бірлесе отырып, озаттардың тәжрибесін кең тарату жөнінде де түрлі шараларды жүзеге асыруда. Мысалы, жақында сауыншы Киреева, бұзаушы Бадер және Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан сыйыр күтушілер Усков пен Суханов жолдастар колхоз малшыларының алдына өздерінің іс тәжрибесін айтып берді.

Бірақ нақ осы селолық клуб сыяқты жұмыс жүргізіп отырған мәдени-ағарту мекемелері ауданда кемде-кем. Рас, Сенжарск, Михайловка, Шулыс селолық клубтарында да бұрын еңбекшілерге мәдени қызмет көрсету жұмысы жаман емес еді. Михайловка селолық клубының өнерпаздары, әншілері, бишілері, көркемсөз оқушылары өткен жылдары село көркемөнершілерінің облыстық байқауларында алдағы орындардың біріне ие болып келгенді. Таңқаларлық нәрсе, мұнда іс бұйыл тіпті басқаша болып отыр. Неге екені белгісіз, көркемөнер үйірмелері мереке күндері едәуір жұмыс істеп, басқа уақыттарда тарап кететін болған. Лекциялар мен баяндамалар мүлдем дерлік оқылмайды.

Воскресенск селолық оқу үйі, Шушье селолық клубы туралы да осыны айтуға болады. Шушье селолық клубында мәдени ағарту жұмыстарын кеңінен өрістетуге мүмкіндік мол. Мұндағы жетіжылдық мектептімен балалар үйінде 20 ға тарта интеллигенттер бар. Тіпті балалар үйінің көркемөнершілер коллективі көршілес колхоздар мен Мамлют асылтұқымды мал совхозы еңбекшілерінің алдында бірнеше концерттер қойды. Бірақ, Шушье селолық клубының қызметкерлері олармен ешбір байланыс жасамай отыр.

Көп жерлерде мәдени-ағарту мекемелері қыска ешбір өзгерісіз келді. Солардың бірі «Заветы Ильича» колхозының клубы. Колхозшылардың өскелең мәдени тілектерін қамтамасыз етуге сай еместігін ескеріп, артель басқармасы клуб үйін кеңейтуге уйғарған болатын. Бұл дұрыс бастама еді, бірақ тым кеш қолға алынды. Оның үстіне құрылыс жұмысы тым шабан жүргізілуде. Кәзір соның салдарынан клуб үйі ескі-терезе, еденсіз тұр. Ал Покровка селолық Советінің председателі Тазиков және колхоз председателі Щербаков жолдастар клубтағы қосымша құрылыс жұмыстарын жылдамдату жөнінде тиісті шара қолданбай келеді. Клуб үшін отын дайындалмаған, селолық кітапхананың орналасқан бөлмесі суық, есігінде күнұзаққа құлып салулы тұрады. Даяр клуб үйінің жоқтығы лекция оқу, кино көрсету сыяқты жұмыстарға үлкен кедергі жасап отыр. Соңғы екі айда мұнда бірде-бір лекция оқылып, кино көрсетілмеген. Сол сыяқты Воскресенск селолық оқу үйі меңгерушісінің жоқтығынан бір айдан бері жабық тұр.

Жағдай ауандық мәдениет үйінде де нашар. Октябрь мерекесі күндерінде қойылған ойын-сауықтардан соң мұнда барлық жұмыстар тоқтатылды. Кәзір бірде-бір көркемөнер үйірмесі жұмыс істемейді, лекция, баяндама оқу да сирек кетті.

—Әр мекемеге, ұйымға өзіміз барып жыйнауға мәжбүр болудамыз, ешкімнің де бізің көркемөнер үйірмелерімізге келгісі келмейді,—деп қынжылады мәдениет үйінің көркемдік жағын басқарушысы Бармашов жолдас. Мұның өзі аудандық мәдениет үйінің еңбекшілер үшін, әсресе жастар үшін қызықты мәдени шараларды жеткіліксіз жүргізетіндігін дәлелдейді.

Ауданда мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту үшін аудандық мәдениет бөлімі мен оның меңгерушісі Маслаков жолдас ешбір шара қолданбай келеді. Маслаков жолдас келген мәліметтерге мәз болып, жергілікті жерлердегі нақтылы жағдайды білуді, клубтар мен оқу үйлерінің, кітапханалардың жұмысын жанданды руды естен шығарған.

Мәдени-ағарту мекемелерінің маңызы, әсресе кәзір, қыскы ауылшаруашылық жұмыстары кезінде күшейе түсіп отыр. Олай болса Мамлют аудандық мәдениет бөлімі өзіне қарасты мекемелердің жұмысын тез арада жақсартуға жетісуі керек.

Р. ХАМИТОВ.

Кітапхана коллективінің үлгілі ісі

Облыстық кітапхана кітап қоры бай кітапханалардың бірі. Ол жыл сайын көптеген көркем, саяси, ауылшаруашылық және ғылми-техникалық кітаптар мен толықтырылады. Мұнда тек қана үстіміздегі жылы 7134 дана жаңа кітап сатып алды. Кітапхана қызметкерлерінің жүргізіп отырған жұмыстарының ішінде кітапханаларды ілімдерге тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің лекторлары қала, өнеркәсіп орындарының инженерлері, оқытушылар

Кітапхананың оқу залында кітап оқушылар конференциялары, лекциялар мен баяндамалар жиі ұйымдастырылып тұрады. Лекцияларды саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің лекторлары қала, өнеркәсіп орындарының инженерлері, оқытушылар

ҚХР ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ШАРУАЛАРҒА КӨМЕГІ

ПЕКИН, 11 декабрь. (СОТА). ҚХР ғалымдары ауылшаруашылығын өркендетумен егіннен мол өнім алуды арттыру ісінде шаруаларға зор көмек көрсетуде. «Гуажминжибао» газетінің бүгін хабар етуіне қарағанда, Солтүстік-Батыс Қытайдың ауылшаруашылық ғылми-зерттеу институты Шәнси, Ганьсу, Цинхай мен Циньцзян провинцияларында 20 ғылми-зерттеу ұйымдарын, сонымен бірге көптеген тәжрибе станцияларын құрды. Бұл станциялар далалық және бақшалық дақылдардың селекциялары, ауыл шаруашылығының зиянкестеріне қарсы күрес және жер қыртысының құнарлылығын арттыру мәселелерімен шұғылданатын болады. Осы институт өсірген жаңа сортты бидайдың шығымдылығы Солтүстік-Батыс Қытайда себілетін ең жақсы сортты бидайдың шығымдылығынан 21 процент жоғары. Институттың ғылми қызметшілері өсірген жүгерінің жаңа сортының шығымдылығы бұл дақылдың бұрынғы сортынан 15 процент артық.

ҚЫТАЙДАҒЫ АСТЫҚ СОВХОЗЫ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

ПЕКИН, 11 декабрь. (СОТА). Синьхуа агентігі тілшісінің Харбиннен хабар етуіне қарағанда, мемлекеттік ірі астық шаруашылығы құрылысының жоспары жасалған, бұл мемлекеттік шаруашылықты Солтүстік-Шығыс Қытайдағы Хейлунцзян провинциясында құру үшін Совет Одағы көмектеседі болады. Бұл жоспарда 1955 жылы 20 мың гектар тыңайған жер жыртқы қарастырылған.

Жоспарда, сонымен бірге совхозда ірі қарамал, жылқы, шошқа және тауық өсіру қарастырылған. 1955 жылы совхозда кеңсе, тұрғын үйлер, қоймалар, гараждар, астық дүкендері, жөндеу мастерскойы және тағы сондайлар салынатын болады. Сонымен бірге аурухана, мектеп, клуб, тұтынушылар кооперативінің үйі салынбақ.

ИНДИЯ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ ПАРТИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ПРЕДСЕДАТЕЛІН САЙЛАУ

ЛОНДОН, 10 декабрь. (СОТА). Рейтер агентігінің хабар етуіне қарағанда, Саурашгр штатының бас министрі Дхебар Индияның премьер-министрі Нерудің мирасқоры ретінде Индияның ұлттық конгресі партиясының председательдігіне сайланды деп жарияланған.

ЗОРЛЫҚ -ЗОМБЫЛЫҚТЫ УАҒЫЗДАЙТЫН ФИЛЬМДЕРДІҢ КӨРСЕТІЛУІНЕ ҚАРСЫ

ДЕЛИ, 11 декабрь. (СОТА). Кеше индиялық парламенттің жоғарғы палатасында «қажеттілігі жоқ фильмдерді көрсетуге тыйым салуға» шара қолдану туралы үкметке ұсыныс жасаитын қарар жобасы енгізілді. Шетел фильмдері, әсресе американ фильмдерінің Индия жастарына аса зиянды әсер өретіндігін атап көрсете келіп, көптеген депутаттар қарар жобасын мақұлдап қарсы алды. Депутаттар бұл фильмдердің зорлық зомбылықты, кісі өлтіруші лікті уағыздайтынын ал кей уақыттарда бұзық істерге баулыйтынын атап көрсетті.

Чехословак жұртшылығы Совет-Чехословак договорының 11 жылдығын кеңінен атап өтуде

ПРАГА, 11 декабрь. (СОТА). Ертең Совет Одағы мен Чехословак Республикасының арасында достық, өзара көмек пен соғыстан кейінгі ынтымақтылық договорына қол қойылғанына 11 жыл толады. Бұл елеулі дата бүкіл елде кеңінен аталып өтуде.

Чехословак -совет достығының одағы кәсіпорындарында, бірлескен ауылшаруашылық кооперацияларында Чехословакияның бостандығы мен тәуелсіздігіне кепілдеме болып табылатын бұл договордың маңызы туралы лекциялар оқып, әңгімелер өткізуде.

Жұмысшы клубтарында, кітапханаларында, оқу үйлерінде Совет Одағындағы коммунизм құрылысына, мызғымас чехословак- совет достығына, Чехословакиядағы социалистік құрылыстың табыстарына арналған көрмелер ұйымдастырылған.

Кеше даңқты жылдықты атап өту үшін чехословак армиясы театрында Билль-Белоцерковскийдің «Шторм» пьесасының премьерасы қойылды. Премьерада Чехословак Республикасының президенті А. Запотоцкий, Чехословак Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный, ұлттық жыйналыстың Председателі Зд. Фирлингер, премьер- министрдің бірінші орынбасары және ұлттық қорғаныс министрі А. Чепичка, премьер- министрдің бірінші орынбасары Я. Доланский, премьер- министрдің орынбасары және мәдениет министрі В. Копецкий және басқа да ресми адамдар болды.

Спектакльде, сонымен бірге елші Н. П. Фирюбин басқарған Совет елшілігінің жауапты қызметкерлері болды.

Совет фильмдерінің Чехословакиядағы табыстары

ПРАГА, 11 декабрь. (СОТА). Чехословакияның қалалары мен селоларында совет кино фильмдерінің фестивалі аяқталды. Фестиваль чехословак-совет достығы айлығына байланысты өткізілген болатын.

Алдын ала берілген мәліметтерге қарағанда, тек айлықтың алғашқы екі аптасында ғана совет фильмдерін үш миллионнан астам адамдар көрді. Советтік «Шын достар», «Мойынға асылған Анна», «Кәмелеттік аттестат» фильмдер зор табыстарға ие болды.

Прагада, Острадада, Плзенде, Братиславта және Чехословакияның басқа да қалаларында кинофестивальдің жүргізілуіне ССРО-ның халық артистері Б. Чирков, М. Жаров, советтік киноискусствоның басқа да көрнекті қайраткерлері қатысты.

Бельгия коммунистік партиясының XI съезі

БРЮССЕЛЬ, 10 декабрь. (СОТА). Бельгия коммунистік партиясы XI съезінің кешегі мәжілісінде финанс бақылау комиссиясының баяндамасы тыңдалды, баяндаманы Вердоот жасады. Содан кейін мандат және есеп комиссияларын сайлау болды.

Компартияның бас секретары Э. Лальманның жасаған есепті баяндамасы бойынша жарыссөзде Бельгия коммунистік партиясы Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі және антверпен федерациясының саяси секретары Ван Вен Бренден, «Бельгияның халықтық жастары» прогрессивті жастар ұйымының бас секретары Понселе және басқалары шығып сөйледі.

Съезде Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бельгия коммунистік партиясының XI съезіне жолдаған құттықтауы жарияланып, оны делегаттар тұрегеп тұрып тыңдады.

Бельгия коммунистік партиясының XI ұлттық съезіне

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Бельгия коммунистік партиясының XI ұлттық съезіне туысқандық сәлем жолдайды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Бельгия коммунистік партиясына өздерінің қатарын ұйымдастырушылық және идеологиялық жағынан нығайту ісінде табыстарға жетуін тілейді. Жұмысшы табының бірлігімен еңбекшілердің өмірлік мүдделерін қорғау, Бельгияның барлық демократиялық және патриоттық күштерін бейбітшілік үшін, елдің ұлттық тәуелсіздігі үшін Герман милитаризмінің қайта тудырылу қатеріне және жаңа соғыс хауіпіне қарсы күресте Бельгияның барлық демократиялық және патриоттық күштерін топтастыруды тілейді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

ДУНАЙ КОМИССИЯСЫНЫҢ II-СЕССИЯСЫ

БУДАПЕШТ, 10 декабрь. (СОТА). Бүгін Дунай комиссиясы II-сессиясының екінші пленум мәжілісі болды. Сессия комиссия аппараты директорының есебін тексеру жөніндегі жұмысты топтың баяндамасын тыңдады. Жарыссөзде Дунай комиссиясына барлық мүше елдердің өкілдері сөз сөйледі. ССРО-ның өкілі Брыкин Дунайда кеме жүзуді қамтамасыз ету ісінде Дунай комиссиясы жұмысының зор маңызы бар екенін атап көрсетті және комиссия аппаратының өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқарғанын атап көрсетті. Сол сыяқты, басқа өкілдер де Дунай комиссиясы аппаратының жұмысын дұрыс деп бағалады. Югославияның өкілі осы мәселе жөніндегі өзінің сөзінде Дунай комиссиясында болып отырған іскер жағдай тиімді нәтиже берді деп атап көрсетті және Дунай комиссиясы кеме жүзуді ұлғайту туралы өзінің алдында тұрған міндеттерді будан әрі де ойдағыдай атқара алады, мұнымен Дунай маңындағы елдердің арасында, сонымен бірге басқа да салаларда ынтымақтастықты жақсартуға көмектеседі деген сенім білдірді.

Сессия Дунай комиссиясы аппараты директорының есебін тексеру жөніндегі жұмысты топтың секретариат пен 1954 жылы комиссияның жұмысы аппаратының жұмысы туралы баяндамасын бірауыздан бекітті және директордың есебін ескке алды.

Будан кейін Чехословакияның, Венгрияның, Югославияның, Румынияның, Болгарияның және Совет Одағының Дунай комиссиясындағы өкілдерінің «Дунаймен жүзу туралы негізгі ережелер» мен «Өзенге бақылау қою тәртібін бір ізге түсіруді» Дунай бойындағы өз участоктерінде пайдаланудың барысы туралы информациялық хабарлары тыңдалды. Сессия тыңдалған хабарларды ескке алуға қаулы етті.

ЮНЕСКО -НЫҢ СЕГІЗІНШІ БАС КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

МОНТЕВИДЕО, 11 декабрь. (СОТА). 10 декабрьде Біріккен Ұлттар Ұйымының оқу ағарту, ғылым мен мәдениет (ЮНЕСКО) мәселелері жөніндегі сегізінші бас конференциясы өзінің жұмысын аяқтады. Конференцияның кешегі мәжілісінде орыс тілін ЮНЕСКО-ның атқару Советінің жұмыс істейтін тілі ретінде пайдалану жөніндегі мәселе қаралды. Будан бұрын конференция орыс тілін ЮНЕСКО-ның бас конференцияларының жұмыс істейтін тілі деп есептеуге қаулы қабылдаған болатын.

Орыс тілін атқару Советінің жұмыс істейтін тілі ретінде пайдалануды көздейтін Индия жобасының қарарын қолдап Чили мен Бирманың өкілдері сөз сөйледі. Индиялық жобаны даусыса қойғанда оны жақтап 25 даусыс, қарсы 17 даусыс берілді, 14 даусыс қалыс қалды. Сонымен, орыс тілі ЮНЕСКО-ның атқару Советі жұмыс істейтін тілі есебіне пайдаланылатын болады. Конференция программа мен бюджет мәселелері жөнінде комитет жасаған баяндаманы мақұлдап, ЮНЕСКО-ны [illegible]

„Женьминьжибао“ газеті Чжоу Энь-лайдың

нәтижесінде оның кітап оқушыларының саны да жыл сайын артып келеді. Кәзір мұнда 4 мыңнан астам тұрақты кітап оқушылар бар. Бұл өткен жылғы осы мерзімдегі кітап оқушылар санынан 420 адам артық деген сөз. Кітапхананың тұрақты кітап оқушысы С. Уақпаев жолдас үстіміздегі жылдың 11 айы ішінде 50-ден астам әртүрлі кітаптар оқып шыққан. Оның ішінде совет жазушыларының көптеген романдары мен фотография, шахмат жөніндегі кітаптар бар. Ал үй шаруасындағы әйел Е. Бабич жолдас осы мерзім ішінде 51 кітап, В. Мушкет жолдас 88 кітап оқыған. Оның ішінде 20 дан астам саяси әдебиеттер бар.

Партия мен үкметіміздің ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету жөніндегі қаулыларынан кейін кітап оқушылардың ауыл шаруашылығы тақырыптарына арналған әдебиеттерді оқуға деген ынтасы анағұрлым арттты. Мұны ескере отырып, кітапхана ауыл шаруашылығы тақырыптарына арналған әдебиеттердің санын көбейтті. Кәзір мұнда ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибелерін насихаттайтын, ауыл шаруашылығы машиналарының жұмыстарымен таныстыратын кітаптар көптен саналады. Сол сияқты ай сайын осы тақырыптарға арналған кітаптар көрмесі ұйымдастырылып отырылады.

Кітапханада газет-журналдармен, көркем әдебиеттермен, ғылыми-көпшілік кітаптармен қамтамасыз етілген оқу залы жұмыс істейді. Оқу залында күн сайын жүздеген жұмысшылар, студенттер мен оқушылар кітап оқиды, өздерінің жұмыстарына қажет болған материалдармен танысады. Кітап оқушылардың сұраған кей бір әдебиеттерінің кітапханада болмай қалатын кезі де болады. Мұндай жағдайда бұл кітаптар Москваның В. И. Ленин атындағы көпшілік кітапханасынан алдырылады. Жақында ғана бұл кітапханадан 80-те жуық әртүрлі әдебиеттер жаздырып алынды. Мұны жаздырып алушылардың ішінде шағын двигательдер заводының инженері М. Кротов, Свердлов политехникалық институтының сырттан оқыйтын студенті А. Блинов, механикалық техникумның студенті Л. Алханов, мұғалімдер институтының оқытушысы А. Клур жолдастар бар.

Мәселен, жақында мұғалімдер институтының оқытушысы, биология ғылымдарының кандидаты А. Клур жолдас «Дін мен ғылым адамның пайда болуы туралы», саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің мүшесі А. Ирхо жолдас «Совет соты» деген тақырыптарда лекциялар оқыды. Тамаша совет педагогі Макаренконың «Ұстаздық дастан» атты шығармасы бойынша ұйымдастырылған кітап оқушылар конференциясы да қызықты өтті.

Облыстық кітапхана ауыл-селолық кітапханаларының жұмысына да үнемі көңіл бөліп отырады. Мұнда облысымызда жаңадан ұйымдастырылған совхоздардың кітапханашыларының төрт рет семинары өткізілді. Семинарда кітапхананың қызметкерлері өздерінің тәжрибелерін ортаға салып, олардың жұмысты қалай ұйымдастырулары керек екендігіне пайдалы кеңестер берді. Сол сияқты кітапхана қызметкерлері ауыл-село кітапханаларының жұмысына жергілікті жердің өзінде де көптеген көмек көрсетті. Жазғы ауыл шаруашылығы жұмыстары кезінде кітапхана арнаулы жылжымалы кітапхана ұйымдастырды. Бұл кітапхана әртүрлі әдебиеттермен, газет, журналдармен, шахмат, дойбы және радиоқабылдағышпен қамтамасыз етілді. Көшпелі кітапхана облысымыздың 99 бригадасын және 2 алыстағы мал жайылымы участогін қамтыды.

Қостанай облысы, Таран ауданы еңбекшілерінің ауыл-село мәдениет орындарының жұмысын жақсарту жөніндегі үндеуінен кейін облыстық кітапхананың қызметкерлері өздерінің жұмысын бұрынғыдан да жақсартуға міндеттенді. Олар көптеген ауыл-селолық кітапханаларға өздерінің қызметкерлерін жіберіп, кітапхана жұмысын жолға қоюға көмектер көрсетті. Сол сияқты оларға көптеген әдебиеттер берді.

Облыстық кітапхананың қызметкерлері өздерінің бұл игілікті жұмыстарын бұдан былай да пәрменді жүргізе берулері керек. Өйткені еңбекшілеріміздің мәдени және рухани тілегі күн санап өсіп келеді. Ал мұның өзі кітапхана қызметкерлерінен бұрынғыдан да жақсы жұмыс істеуді, еңбекшілердің тілегіне үнемі құлақ асып отыруды, талап етеді.

С. БЕЙСЕНБАЕВ.

Дәрігерлік пунктке көңіл бөлмейді

Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында быйыл дәрігерлік пункт ашылып, колхозшыларды медициналық көмекпен қамту ісі айтарлықтай жақсарды.

Бірақ дәрігерлік пункттің жұмыс істейтін үйі өте қолайсыз. Ол бір колхозшының үйіне орналасқан. Колхоз басшылары дәрігерлік пунктке арнаулы үй бөліп, оның колхозшылар тілегіне сай жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғызуға жете көңіл бөлмей отыр. Тіпті дәрігерлік пунктке аудан орталығынан дәрі-дәрмектер әкелу үшін көлік те бермей жүр.

Бұл дәрігерлік пункт Қаратал және Алқаағаш ауылдарын дәрігерлік көмекпен қамтуға тиіс. Колхоз басшылары бұл колхоздарға барып денсаулық және тазалық сақтау шараларын жүргізу үшін дәрігерді керек уақытында көлікпен қамтамасыз етпейді.

Ауылдық дәрігерлік пункттің жұмысын жақсартып, колхозшыларды медициналық көмекпен тыңғылықты қамту мәселесіне колхоз басшылары тарапынан жете көңіл бөлінсе екен.

З. РАМАЗАНОВ.

Депутаттардың сөйлеген сөздеріне жауап бере келіп, хабар беру министрі Кескар былай деп атап өтті: «Қылмыс пен зорлық-зомбылыққа тартатын көптеген шетелдік фильмдерді көрсетуге қарсы үкметке наразылықтар көптеп келіп түседі, сондықтан ондай фильмдерді үкмет экраннан алып тастайды». Министр «мұндай фильмдердің көпшілігі АҚШ-тан келеді» деп атап көрсеткен.

БОННЫҢ ФЕДЕРАЛДЫҚ СОВЕТІНДЕ

БЕРЛИН, 10 декабрь. (СОТА). Батыс-германдық ДПА агенттігінің боннан хабарлауына қарағанда, бүгін бонн бундесрады (Федералдық Совет—батысгермандық парламентпің жоғарғы палатасы) Париж келісімін алған оқығаннан кейін талқыланған және қабылдаған.

Бундестрадтың Батыс Германияда ең даулы Париж келісімдерінің Саар статусы жөніндегі пункт бойынша әзірше уәдемеуге ұйғарғаны ерекше болып отыр. Бұл мәселе Париж келісімдерін бундестаг (бірінші палата) талқылағаннан кейін екінші рет оқылғанда талқыланатын болады.

Бұған қарамастан Батыс Германияның сегіз жерінің ішіндегі екеуі—Гессен мен Гоменгі Саксония жерлерінің өкілдері Париж келісімдеріне қарсы дауыс берген, ал временнің өкілдері жекелеген келісімдерге дауыс беруден қалыс қалған.

ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚАРСЫ, ГЕРМАНИЯНЫ БЕЙБІТШІЛІКПЕН БІРІКТІРУ ҮШІН

Үлкен Берлиннің ГСДП ұйымдарының батысберлиндік ГСДП ұйымдарына үндеуі

БЕРЛИН, 11 декабрь. (СОТА). «Нейес Дейчланд» газетінің хабарлауына қарағанда, Үлкен Берлиннің Біртұтас социалистік партиясының ұйымы кеше социал-демократиялық партияның батыс-берлиндік ұйымының конференциясына қатысушыларға Аденауэр саясатын жақтаушылармен бірігіп жұмыс істеуден бас тартуға шақырып ашық хат жолдаған.

Хатта былай деп атап көрсетілген: Батыс Берлинде қалалық жиналыс депутаттарына болған сайлаудың нәтижесі еңбекшілердің көпшілігінің Париж келісімдеріне қарсы екендігін көрсетті.

Хатта Париж келісімдеріне қарсы шығатын, немістердің арасында өзара түсінушілік пен Германияны бейбіт және демократиялық негізде қайта қосуды жақтайтын батысберлиндік сенат болатын болса, оны Германияның біртұтас социалистік партиясы барлық күшпен қолдаған болар еді, делінген.

Егер ГСДП-ның батысберлиндік ұйымының басшылығы, делінген хатта, американдық фракцияның (ГСДП-ның оңшыл қанаты:—Ред). күшті қысым көрсетуі салдарынан Аденауэр партиясымен (християн—демократиялық одақ) бірлесетін болса, онда ГСДП өзіне дауыс берген 700 мың сайлаушылардың ерікіне қарсы шығатын болады.

Хаттың қорытындысында ГСДП-ның бакелісімдеріне қарсы шығуға, Германияны бейбітшілікпен қайта қосуды жақтауға шақырған.

мәлімдемесі туралы

ПЕКИН, 10 декабрь. (СОТА). 600 миллион қытай халқы ҚХР сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лайдың американ-чанкайшилік соғыс договоры жөніндегі мәлімдемесін бірауыздан қуаттауда.

«Женьминьжибао» газеті «Тарихи қатені қайталауға болмайды» деген өзінің басмақаласында былай деп жазады. Қытай халқы Тайваньды азаттау жолындағы әділетті күресті ақырына дейін алып шығады және егер, американдық агрессорлар қытай халқын міндетті түрде соғысқа қиліктіргілері келетін болса, олар сөз жоқ батыл тойтарыс алады.

Европада, Орта Шығыс пен Қыйыр Шығыста агрессиялық блокты топтастырғанда АҚШ мұны бейбітшілік мүддесі үшін істеп отырған жоқ, қайта бейбітшіліктің бұдан әрі де бөлшектеу, халықтарды қулану мен дүниежүзілік жаңа соғысты әзірлеу мақсатында істеп отыр. Қытай халқының Тайваньды азаттауы Қытай емес.

Қытай халқы, деп жазады өзінің қорытындысында «Женьминьжибао», ұзақ уақыт жүргізген азаттық күресте шыныққан, оны ешқандай соғыс қатерімен қорқыта алмайсың. Бүгінгі Қытай-Мүкден оқиғаларының (бұл жерде жапондықтардың Маньчжурияны басып алуы еске алынып отыр. —**Ред.**) тұсындағы сальды ұйымға айналдырудың қажеттілігі туралы, 1956 жылы Делиде болатын ЮНЕСКО-ның тоғызыншы бас конференциясын ұйымдастырумен оның жұмыс әдістері жөніндегі мәселелерді қарады. Пленум мәжілісінде ЮНЕСКО-та мүше мемлекеттердің баяндамалары бойынша комитеттің мүшелері, заң комитетінің, консультациялық комитеттің және программа мен бюджет мәселелері жөніндегі комитеттің мүшелері сайланды.

СОВЕТ ҮКМЕТІНІҢ 9 ДЕКАБРЬДЕГІ НОТАСЫНА ДАНИЯ ГАЗЕТТЕРІНІҢ ЖАУАБЫ

КОПЕНГАГЕН, 11 декабрь. (СОТА). Барлық газеттерде, ешқандай түсінік берместен-ақ, Совет үкметінің батыс державалары үкметтеріне жолдаған нотасы туралы хабарлар жарияланған. Хабарларда Париж келісімдерін бекіту Потсдам келісімдеріне қарама-қайшы келеті және Париж келісімдерін бекіту Германияны біріктіруге мүмкіндік бермейді деп атап көрсетілген.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«МАРИЕНШТАТТАҒЫ ОҚИҒА»

Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40 және 10-30 да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ИНЕЛІК»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

Қалалық электр сетіне түпкілікті жұмысқа электр монтерлері, монтажшылар, үйренуші электр монтерлер, ағаш шеберлері, секретарь-машинистка КЕРЕК.
АДРЕС: Совет көшесі, 51-үй. Қалалық электр сеті.

Петропавл элеваторына түпкілікті жұмысқа жүк тиеуші жұмысшылар және тақтай тілушілер КЕРЕК.
АДРЕС: Осипенко көшесі, 5-үй. Кадр бөлімі.

Құрылыста жұмыс істеу үшін тез арада шоферлар КЕРЕК.
АДРЕС: Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 105-үй. Кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР. Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02916. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.